

**ӨЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЖОҒАРҒЫ ЖӘНЕ ОРТА  
АРНАУЛЫ БІЛІМДЕНДІРУ МИНИСТРЛІГІ**

**БЕРДАҚ АТЫНДАҒЫ ҚАРАҚАЛПАҚ МЕМЛЕКЕТТІК  
УНИВЕРСИТЕТІ**

**ҚАРАҚАЛПАҚ ФИЛОЛОГИЯСЫ ФАКУЛЬТЕТІ  
ТҮРКІ ФИЛОЛОГИЯСЫ КАФЕДРАСЫ**

**Факультет деканы:**

\_\_\_\_\_ Турдыбаев Қ.

« \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 2014ж.

**5120100 -филология және тілдерді оқыту (Қазақ филологиясы)  
бакалавр бағдарының 4-курс студенті Глеубаева Құралайдың  
«Қалижан Бекхожиннің «Мариям Жагорқызы» поэмасының идеялық  
көркемдігі»  
тақырыбындағы  
БІТІРУ МАМАНДЫҚ ЖҰМЫСЫ**

**Қорғауға рұқсат берілді**

**Түркі филологиясы  
кафедрасының меңгерушісі**

\_\_\_\_\_ **Г. Адилова**

« \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 2014ж.

**Ғылыми жетекшісі:**

\_\_\_\_\_ **доц.Аралбаев**

**НӨКІС-2014 жыл**

**Мемлекеттік аттестация комиссиясының**

**ҚАУЛЫСЫ:**

**5120100- филология және тілдерді оқыту (Қазақ филологиясы)  
бакалавр бағдарының 4-курс студенті Тдеубаева Құралайдың  
«Қалижан Бекхожиннің «Мариям Жагорқызы» поэмасының идеялық  
көркемдігі»**

**Әңгіме жанры және оқыту әдістемесі»**

**тақырыбындағы бітіру-мамандық жұмысына**

**« \_\_\_\_\_ » балл қойылсын**

**МАК бастығы: \_\_\_\_\_**

**МАК орынбасары: \_\_\_\_\_**

**МАК мүшелері:**

\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_

**Тақырып-** Қалижан Бекхожиннің «Мариям Жагорқызы»  
поэмасының идеялық-көркемдігі

**Жоспар:**

1.Кіріспе

2. Бірінші бөлім

«Мариям Жагорқызы – тарихи поэма»

3. Екінші бөлім

Поэмадағы негізгі кейіпкерлер

А) Дүйсен образы

ә) Мариям бейнесі.

Б) Поэмадағы басқа да кейіпкерлер

В) « Мариям Жагорқызы» поэмасының көркемдігі

4.Қорытынды

## КІРІСПЕ

Өзбекстан Республикасы Президенті И.А.Каримовтың әкелік қамқорлығына бөленген және күнделікті көмегін алып отырған әдебиетіміз бен мәдениетіміз өзінің барлық салада, барлық жанрда айқын да анық қуаттына ие болуда. Қазақ әдебиеті тілі басқа тілегі бір, түрі басқа жүрегі бір халықтардың ортақ рухани мұрасы ретінде адамдарды тәуелсіздік рухында тәрбиелеудің, демократиялық қоғамның барлық игіліктеріне ерісудің бірден бір пәрменді құралына айналып отыр. Көркем әдебиеттің тәрбиелік те, танымдық та, идеялық та мән-маңызын әдебиетшілеріміз бен қаламгерлеріміз халқымызға ұқтырып келеді.

Өзбекстан Республикасын мекендеген көптеген ұлттар әдебиетінің – бірі қазақ әдебиеті десек, ол тек қазақ халқының ғана емес, республикамызда жасаушы басқа халықтардың да ортақ мұрасы, рухани азығы деп танымыз

Қазіргі қазақ әдебиетін биік мәуелі байтерек десек, соның жемісті бір бұтағы поэзиясы дер едік. Поэзия біздің халқымызбен бірге туып, ең ескіден келе жатқан тек екені мәлім. Ескі де болса, жана, әр заманға сай өзіндік қуаты, бедер-белгісі танылып отыратын, мәңгі жас жанр деп те айта аламыз. Абай атамыз айтқандай:

Туғанда дүние есігін ашады өлең.

Өлеңмен жер қойнына кірер денең.

Өмірдегі қызығың бәрі өлеңмен,

Тыңдасаңшы, бос қақпай елең-селең,- деп, өлең яғни поэзия қай халықтың да тұрмысынан тұрақты орын алады.

Поэзия сан қилы замандарды басынан өткерсе де, өзінің сәулетті жай-күйін жоғалтқан емес, жоғалтпайды да. Әрине, әдебиетіміз тарихында поэзия негізгі жанр, жетекші сала болып келгені мәлім. Жазба әдебиетіміздің қалыптасуымен бірге прозалық, драмалық жанрлар туып, қалыптасты. Бірақ

поэзия өзінің орнын, эстетикалық күш-қуатын жоғалтқан емес, керісінше күшейтіп, қуаттандырып келеді.

Әрине, қазір проза, драматургия және поэзия сияқты үш тектің қайсысы бірінші яғни жетекші деп қарайтын болсақ, мұнымыз тіпті ерсі болып шығар еді. Өйткені, әдебиеттің өзара ағайынды үш тегін бір біріне қарсы қойып, бірін басшы, үстем дейтін пікірге келу жаңсақ болар еді. Дегенмен, көркем прозаның қазіргі таңда алатын орнын, қазақ әдебиетін бүкіл әлемге, шетелдерге танытудағы қызметін елемеу де дұрыс болмас еді. Бір ғана Мұхтар Әуезовтың «Абай жолы» роман-эпопеясы, одан соңғы С.Мұқанов, Ғ.Мүсірепов, Ә.Нұрпейісов, Т.Ахтанов туындылары республика көлемінен шығып, дүние жүзіндегі көптеген елдерге мәшһүр болып отыр.

Қазіргі қазақ поэзиясын сөз етсек, оның өзі де жанрлық жақтан кемелденіп, байып бара жатқанын көруге болады. Дәстүрлі өлеңдердің өзі лирика болып жіктелсе, сол лириканың барлық жанрлары қазіргі әдебиетімізде бар деп, қалыптасып болды деп толық айта аламыз.

Қазақ поэзиясының ежелден қалыптасқан жанрының бірі – эпикалық дастандар, поэмалар болатын. Бірақ әрине, бұрынғы әдебиетіміздегі батырлық жырлар мен тарихи дастандар арасында қазіргі поэмалармен салыстырғанда, аспан мен жердей айырма бар екенін байқау қиын емес.

Қазақ поэмасын сөз еткенде, қазіргі ақындарымыз ішінде Қалижан Бекхожиннің есімі де заңды түрде аталып отырады. Әдебиетімізде лирикалық жанр мен эпикалық поэзияны қатар дамытып, үлкен олжа салған, артына өлмес мұра қалдырған ақынның шығармашылығы туралы айтар ой да, түйер пікір де қомақты болмақ.

Қалижан Бекхожин поэзиясының басты арналарының бірі – ақынның эпикалық туындылары. Қазақтың эпикалық поэмаларының туу, өркендеу процесінде Қалижан шығармашылығының алатын орны ерекше. Ұзақ уақыттардан бері алуан тақырыптарды қозғайтын бірнеше поэма жазған ақын қазіргі қазақ поэзиясында эпиктердің қатарынан орын алған еді. Қ.Бекхожин алғашқы тырнақалды туындыларынан бастап, өзі қайтыс болғанға дейінгі

(1992) өз дәуірінің тынысымен тыныстап, заманының жыршысы болып келе жатқан ақын еді. Оның поэмаларындағы бір топ кейіпкерлері – тарихи болған адамдар. Халық үшін еңбек сіңірген ардагер азаматтар, ал екінші жүйедегі кейіпкерлер өмірдің әралуан оқиғаларын, адамдар мінезін танытқан, топшылап суреттеу негізінде туған көркем бейнелер

Ақынның өз замандастарының бақытты өмірлеріне арналған тұңғыш поэмасы «Орман қызы». Бұл поэма 1938-жылы жазылған. «Орман қызы» жаңа заманның бейнесін, көңіл күйін эпикалық жанрда бейнелеудегі ақынның алғашқы тәжірибесі, тұңғыш қадамы.

Халықтың төңкеріске дейінгі өмірін бейнелеуде қазақтың эпик ақындары елеулі еңбек етті. Олардың идеялық-көркемдік дәрежесі биік көптеген туындыларымен қазақ әдебиетінің көркемдік арсеналы байыды. Мағжан Жұмабаевтың «Батыр Баян», Шәкәрімнің «Еңлік-Кебек» Сәбит Мұқановтың «Сұлушаш», Сәкен Сейфуллиннің «Көкшетау», Ілияс Жансүгіровтың «Күйші», «Құлагер», Ә.Тәжібаевтың «Абыл», Иса Байзақовтың «Алтай аясында», «Ақбөпе», Жұмағали Саинның «Күләнда», Әбу Сәрсенбаевтың «Ақмаралдың жүрегі» т.б. поэмалары қазақтың эпикалық поэзиясының алтын қорына қосылған туындылар.

Қалижан Бекхожин бірінен бірі асатын жиырмадан артық эпикалық поэмалардың авторы. Оның дастандарында лирикаға тән майда лепті сыршылдық та, драмаға тән кескін тартыс, эпикаға тән алымдылық пен қомақтылық, кең құлаштылық та бар. Оның кейіпкерлері ыбылжыған ынжықтар емес, қызу қанды, арпалыстағы жігерлі жандар. Ақынның «Дала комиссары», «Мариям Жагорқызы», «Ақсақ құлан» т.б. тарихи, сонымен бірге қолтума поэзиямыздың бейнелеу арсеналына қосылған даңқты дастанының бірі жетпісінші жылдардың аяқ кезінде жазылған «Әппакнаме» поэмалары. Сондай ақ ақынның белгілі поэмаларының бірі – «Тұрлаулы тағдыр» шығармасы болатын. Кейінгі 20-25 жыл ішінде автордың поэмалары «Сұңқар туралы аңыз», «Соңғы сайран», «Ертіс хикаясы», «Менің мекендестерім», «Қорқытпен тілдесу» болып есептеледі. Бұлар қазақ

поэмаларының мәнді де маңызды туындылары ретінде аталып жүр. Әрі оқырманның ыстық ілтифатына да бөленіп, сүйікті шығармаларына айналып отыр.

Эпик ақын Қалижан Бекхожиннің поэмалары біріне бірі тынысы мен тұлғасы, өрнегі мен идеясы тұрғысынан атымен ұқсамайды. Қалижан поэмаларында шиеленіс, шарықтау шегі, шешімі, композиция құру тәсілі, аяқтау бөлімінің ұзын-қысқалығы бірін бірі қайталамайды. Қалижанның алпыс жасқа толу қарсаңында «Алты асқар» атты екі томдық таңдамалы шығармалары басылып шықты. Оған Сәбит Мұқанов «Өршіл ақын» деген мақала жазды. Мұнда жазушы «Ақсақ құлан», «Мариям Жагорқызы», «Сұңқар туралы аңыз» дастандары Қалижанның ақындық өнерінің биік шыңдары және қазақ поэзиясының алтын қазынасына қосылатын асыл тундылар», - деп атап көрсеткен болатын.

Қ.Бекхожин шығармаларының негізгі арқауы халық өмірі, ежелден азаттықты аңсаған халқымыздың өткендегі тағдыры, күресі, еркін өскен еңбеккер жұртымыздың сыр-сипаты болып табылады. Оның «Дала комиссары» поэмасында халқымызға деген мейірімімен Әліби Жанкелдин сияқты қаһармандар зор шабытпен жырланса, «Тұрлаулы тағдыр», «Мамырстан», «Шардара» сияқты дастандарында жаңа дәуір көріністері, замандастар тағдыры, ерлік істері кең түрде көркем бедерленеді.

Қалижан Бекхожиннің эпикалық туындыларының бір қатары тарихи тақырыпқа, оның ішінде өнер адамдарының тағдырын көрсетуге құрылған. Бұған ақынның «Мариям Жагорқызы», «Ақсақ құлан», «Сұңқар туралы аңыз», «Әппақнаме» тәрізді туындылары айқын мысал бола алады.

Енді бірер сөз ақынның өмірі мен ақындық жолы туралы болмақ. Қалижан Бекхожин 1914-жылы қазіргі Павлодар қаласында дүниеге келеді. Түрікше сауатты, атағы бүкіл арқаға мәлім Нұрғожа ақын отбасында туылған қағылез бала әке ғақылиясын, халықтың ғасырлар бойғы іріктелген қазыналы сөздерін құлағына құйып өседі. Дауылдай дарынды дүлдүлдерді тыңдап, олардан ғибрат алады. Әкесі арқасында Шығыстың классикалық

поэзиясымен танысып, құнығып оқиды. Он тоғыз жастағы Қалижанның тырнақалды туындылары 1932-жылы аудандық «Колхоз» газетінде басылған. Ол әдебиетке отызыншы жылдардың орта тұсында келеді. Алғашқы лирикалық шығармаларында өз замандастарының жарқын өмірін жырлайды.

Қалижан Бекхожин шығармашылығы сан қырлы. Ол – лирик, ол – эпик, ол – сыншы, әдебиетші. Ол көпке жерлерге аты мәлім талантты қазақ ақыны. Көзі тірісінде ақ елуден артық кітабы жарияланды. Ақынның аударма саласындағы еңбектерінің өзі бір төбе. Низами сияқты Шығыстың ұлы алыбының шығармаларын қазақ оқырмандарына өз деңгейінде танытқан да Қалижан Бекхожин болды. Оның «Жеті ару» атты Низамиден аударған туындысы 1982 жылы жарық көрді.

Әрине, Қалижан Бекхожин творчествосы да әдебиеттану ғылымында әрдайым сөз болып келеді. Бұл ретте, ақынның жалпы творчествосын зерттеген ғалымдар: Төкен Ибрагимов мен Әбділхамит Нарымбетов. Сонымен қатар Бекхожин шығармашығы жөнінде әрдайым мақалалар жазып, пікір білдіріп келген ғалым-сыншыларымыздан Мұхамеджан Қаратаев, Серік Қирабаев, Мырзабек Дүйсенов т.б. есімдерін атап өтуге тиіспіз.

Творчестволық қыры сан алуан айтулы сөз шеберінің тарихи тақырыпқа арналған туындысы – **«Мариям Жагорқызы» поэмасы** біздің мамандық жұмысымыздың негізгі объектісі болып табылады. Қазақ поэзиясындағы сүбелі туындылар қатарында Қ.Бекхожиннің «Мариям Жагорқызы» поэмасын да көрсетуге болады. Бұл тарихи шығарма 1950-жылы алғаш жарық көріп, кейін түзетіліп, өңделіп қайта бірнеше рет басылып шықты. Содан бергі жерде қалың оқырман қауымның сүйікті шығармасына айналып, ақынның әр кезде жарияланған таңдамалыларына да енгізіліп келеді. Бұл поэмаға «Қазақ әдебиеті тарихында» төмендегідей баға берілген: «Қ.Бекхожиннің «Мариям Жагорқызы» поэмасы – үлкен эпостық ауқымда жазылған шығарма. Сюжеттік желідегі әралуан оқиғаларды, эпизодтарды баяндауда ақын эпикалық тәсілдерді шебер пайдалана білген. Автор жекелеген ұнамды кейіпкерлерді де өз поэмасына арқау ету арқылы

халық өмірінің эпосын беруге, жасауға ұмтылған... Ұлы қазақ халқы еңбекшілерінің төкеріске дейінгі еңбек пен күресте шындалған ежелден берік достығының көрінісін «Мариям Жагорқызы» поэмасында айқын жырлап беруі – біздің әдебиетіміздің тарихы менен келешегі үшін аса бағалы. Поэманың поэзиямыз тарихында көрнекті орны бар дейтініміз де сондықтан.»<sup>1</sup>

Поэма қазақ халқы мен орыс халқының жаңа дәуірге дейінгі достығының куәсі іспетті. Ақын екі жақтың ел білетін трагедиясы шеңберінде қалып қоймай, кейіпкерлерді жеке бастың бостандығы үшін де, халық азаттығы жолында да күресушілер деңгейінде жырлап, құнды поэма тудырды. Бұл поэма бірнеше тілдерге аударылған. Кезінде әдебиетшілер арасында қызу айтыстар жүруіне де себеп болған.

Әрине, «Мариям Жагорқызы» поэмасы туралы әралуан пікірлер айтылғанымен, поэманың жанрлық ерекшелігі мен ондағы кейіпкерлер образын жан-жақты талдаған дербес жұмыс болған жоқ. Біз өзіміздің мамандық жұмысымызда поэманы мүмкіндігінше кеңірек қамтуды, ондағы әлеуметтік тартыс пен әлеуметтік қайшылықтар көрінісін дәлелдеуді мақсат еттік.

Жұмыстың бірінші бөлімінде «Мариям Жагорқызы» поэмасының өнер адамы туралы туынды екеніне және поэмадағы әлеуметтік тартыстар, олардың көрінісіне (мысалы, рушылдық және әлеуметтік тартыстар, діни тартыстарға) тоқталып өттік

Жұмыстың екінші бөлімінде поэмадағы кейіпкерлерді топқа бөліп, олардың шығармада атқарып тұрған орындары мен образ ретіндегі даралығын, образ жасаудағы ақынның шеберлігі мәселесін сөз етеміз. Сондай ақ поэманың идеялық мәні мен көркемдік шешімі де осы бөлімде дәлелденеді.

Жұмыстың соңында пайдаланған әдебиеттер тізімі келтірілді. Бірақ біз жұмысты жазу барысындағы әдебиеттерден пайдалана отырып, өз

---

<sup>1</sup> Қазақ әдебиеті тарихы. III том.2-кітап.1987. 34 б

пікірімізді де беруге, дәлелдеуге ұмтылып, талаптанып отырғанымызды айтып кетуге тиіспіз.

Бітіру-мамандық жұмысымыз «Мариям Жагорқызы» поэмасын талдауға арналғандықтан, әрі ел тарихының сипатты тұстарын танытуды көздегендіктен де біз өмірдегі Мария Егоровна Рекинаның да өмір жолын көрсетерлік деректермен де таныстық. Жұмыс аз да болса, «Мариям Жагорқызы» поэмасы туралы жүйелі ой қозғап, баяндап шыға алса, мақсатымызға еріскен боламыз деп ойлаймын.

## БІРІНШІ БӨЛІМ

### «Мариям Жагорқызы» -- тарихи поэма

Алдымен, поэма дегеніміз не? Әдебиетші-ғалымдар поэмаға қандай анықтама беріп, оны қандай жанрларға жатқызып, қалайша жіктеп жүргені туралы айтып кету қажет сияқты.

Қажым Жұмалиев өзінің «Әдебиет теориясы» еңбегінде: «Поэма – эпостық жанрдың бір түрі. Белгілі бір оқиғаны өлеңмен баяндайтын қөркем шығарма. Поэма көбінесе, сюжетке құрылады. Адамдардың қарым-қатынасын, күйінініш-сүйініштерін суреттейді<sup>2</sup>», - деп көрсетеді.

Профессор З.Қабдолов «Поэма грекше туынды, өлеңді повесть, өмірде болған не болуы тиіс күрделі құбылыстар мен келелі оқиғаларды, алуан-алуан адам тағдыры мен заман шындығын көлемді, желілі эпикалық не лирикалық сипатта өлеңмен суреттеу»,<sup>3</sup> --деп түйеді.

Сондай ақ қазақ поэмаларын жанрлық, стильдік тұрғыдан аса өндіре зерттеп, бұл салада ғылымдық мәні күшті еңбек жазған ғалым Әбділхамит Нарымбетов өзінің «Қазіргі қазақ поэмасы» атты зерттеу еңбегінде поэманың өзіне тән спецификалық белгілерін төмендегіше көрсеткен: «Поэма дегеніміз өлеңмен жазылған сюжетті қөркем шығарма. Екінші сөзбен айтқанда, белгілі бір кейіпкердің басынан кешкен оқиғаны ақынның өлеңмен қөркем бейнелеп беруі».<sup>4</sup>

Қазіргі қазақ әдебиетіндегі поэма жанрына, оның табиғатына көңіл аударсақ, поэманың анық танылған үш түрін көреміз. Олар: эпикалық поэма, лирикалық поэма және лиро-эпикалық поэма, сондай ақ лиро-философиялық поэма. Одан өзге тарихи поэма, дидактикалық поэма деп аталатын түрлері де кездеседі. Әрине, бұл поэма түрлерінің бір бірінен өзара айырмашылықтары,

---

<sup>2</sup> Қ.Жұмалиев. Әдебиет теориясы. Алматы. 1984. 126 б.

<sup>3</sup> З.Қабдолов. Сөз өнері. Алматы. 1996. 321 б

<sup>4</sup> Ә.Нарымбетов. Қазіргі қазақ поэмасы. 1982. 21 б

әрқайсысының тек өзіне ғана хас белгілері болатыны мәлім. Бұл көбінесе сюжетінен, тақырыптық ерекшеліктерінен т.б. жақтарынан байқалады.

Қазақ әдебиетіндегі поэманың алғашқы түрлері ертедегі көне фольклордан көрініс береді. Мысалы: «Алпамыс», «Қобыланды», «Ер Тарғын» т.б. батырлық жырлар, «Қозы Қөрпеш-Баян сұлу». «Қыз Жібек», «Айман-Шолпан» сияқты ғашықтық жырлар, сондай ақ тарихи жырлар, қиссаларда поэманың кейбір ерекшеліктері, атап айтқанда, эпикалық поэмалардың белгілері кездеседі.

Қазақтың жазба әдебиетіндегі алғашқы поэмалар ХІХ ғасырдың екінші жартысында пайда болған. Қазақтың реалистік бағыттағы жаңа жазба әдебиетінің негізін салушы Абайдың «Ескендір», «Масғұт» поэмалары шығыстың классикалық әдебиетінің әсерімен туған туындылар. Ал қазақ халқының өз тіршілігін тікелей бейнелейтін поэмалары ХХ ғасырдың басында ғана жарық көре бастады. Мұаметжан Сералиннің «Гүлкашима», «Топ жарған», Шәкәрімнің «Еңлік-Кебек», «Қалқаман-Мамыр». Сұлтанмахмұт Торайғыровтың «Кедей», «Кім жазықты» поэмаларын реалистік поэманың басы деуге болар еді.

Әсіресе, Шәкәрім Құдайбердіұлының «Қалқаман-Мамыр», «Еңлік-Кебек» поэмалары, сондай ақ Көкбай Жанатаевтың «Сабалақ» поэмасы тарихи-реалистік поэма жанрына дәл келеді, бұлар қазақ әдебиетінде поэмалардың жанрлық тұрғыдан қисса-дастандардан, жырлардан ажырала бастағанын, жаңа жанрдың туып, қалыптаса бастағанын дәлелдейді.

20-30- жылдарда қазақ поэмасының қалыптасу кезеңінде де тарихи тақырыпқа жазылған поэмалар аз емес еді. Идеялық мазмұнының тереңдігі, көркемдік шеберлігінің молдығы тұрғысынан қарағанда, қазақ поэмаларының ең жақсы үлгісі осы тарихи тақырыпқа арналған туындылар болатын. Бұл Есмағамбет Ысмайыловтың: «Қазақ поэзиясында сюжетті поэманың ең қалыптасқан күшті үлгілері халықтың өз қиялында, өз жырында тәтті сезімге бөленген аңыз әңгімелер негізінде жасалғандығын, мұның өзі

қазақ поэзиясының даму жолында заңды құбылыс болғандығын атап көрсеткен еді»<sup>5</sup> - деген пікірінен айқын танылады.

Бұл топқа жататын поэмалар Сәбит Мұқановтың «Сұлушаш», Иса Байзақовтың «Құралай сұлу», Сәкеннің « Қөкшетау», Илияс Жансүгіровтың «Күйші». «Құлагер», Жұмағали Саинның «Күләнда», Мағжанның «Батыр Баян», «Қойшының ертегісі» поэмалары болатын.

Осылардың арасында ерекше орын алатын тарихи поэмалардың бірі – біз талдағалы отырған Қалижан Бекхожиннің «Мариям Жагорқызы» атты поэмасы.

Тарихи тақырыпқа жазылған шығармалардан, оның ішінде поэмалардан да ақындар әр дәуірдің әр алуан адамдарының бейнесін жасайды. Қалижан Бекхожиннің «Мариям Жагорқызы» поэмасының екі түрлі нұсқасы бар. Поэманың алғашқы варианты 1949-жылы жазылып, 1950-жылы жеке кітап болып басылып шықты. Поэма халық өміріндегі аса маңызды оқиғаны суреттеуге арналған. Бұл – сонау ХІХ ғасырдан басталған қазақ, орыс халықтарының тарихи достығын ақын нақты бір оқиғаға сүйене отырып, бейнелеп беруді көркемдік нысана етіп ұстанған. Бұл жөнінде кезінде ақынның өзі мынадай деп жазған еді: «Тарихи тақырыпқа қалам сілтеген жазушы алдымен сол алған тақырыпты аса жетік меңгеріп алуы керек. Ал материалды жете меңгеріп алған соң, жазбақ болған жәйіттеріңді де, кейіпкерлеріңізді де реалистік тұрғыдан өсіре беруге еркің бар. Бірақ тарихи болмысты бұрмалауға хақың жоқ. Мен «Мариям Жагорқызы» атты поэмамды жазбас бұрын шығарманың бас геройы Мариямның өзімен сұқбаттастым, көп күн қасында болдым. 1949-жылы Қазақстан композиторларының съезіне келген ол кісі маған талай-талай әңгіме шерткен еді».<sup>6</sup>

Поэманың басты кейіпкері -- тарихта болған адам. Негізгі кейіпкер – Мариям Жагорқызы, шын аты Мария Егоровна Рекина, 1892-жылы қазіргі

---

<sup>5</sup> Е.Бсмайылов. Сын мен шығарма. Алматы 1989. 65 б.

<sup>6</sup> Қазақ әдебиеті газеті. 1976. 13-август

Ақмола облысы Қорғалжын ауданында туылып, 1950-жылы қайтыс болған халық өнерпазы. Мариям Жагорқызының өзі шығарған «Дудар ай» атты атақты әні халық арасына белгілі болып, кең тараған. Мариям Жагорқызына 1945 жылы «Қазақстанға еңбек сіңірген өнер қайраткері» деген құрметті атақ беріледі. Оның өмірі жайында композитор Евгений Брусиловский деген ғалым адам 1953 жылы «Дудар ай» операсын жазады. Ол опера қазақ опера театры сахнасында көп жылдар қойылып жүрді.

Осындай тарихи адамның өміріне арналған қазақ әдебиетіндегі бірінші қомақты шығарма Қ.Бекхожиннің «Мариям Жагорқызы» атты поэмасы еді. Поэманың 1950-жылы жазылған бірінші нұсқасына кезінде көптеген сындар айтылып, ақын осы сын-ескертпелерден қорытынды шығара отырып, поэманы өңдеп, 1954-жылы қайтадан жазып шығады. Бұл 1955-жылы өз алдына жеке кітап болып басылды.

Поэманың екі нұсқасын салыстыра карағанда, ақынның бұл туындысына түбірлі өзгерістер жасағаны айқын көрінеді. Поэмадағы негізгі кейіпкерлерді сол күйінде қалдыра отырып, олардың арасындағы ситуацияларды біраз өзгертіп жіберген. Алғашқы нұсқада Дүйсен мен Мариямның қосылуына кедергі Ыдырыс байдың туысының қызын Үкеннің баласына атастырып қоюы болатын. Сол кезде Дүйсенді Рахилаға үйлендірмек болған әрекеттер көп кедергі болған еді. Түпнұсқада Рахиланы және онымен байланысты эпизодтарды алып тастаған.

Поэманың алғашқы нұсқасында Өрік – бір кедейдің қызы еді де, оны бір бай тоқалдыққа алып кететін еді. Соңғы нұсқада Өріктің әкесі бір бай орыстың малын бағып жүріп үсіп өледі де, Ыдырыс болыс қасына көшіріп алады. Ыдырыс болыс Өрікті тоқалдыққа өзі алмақ болып жүргенінде, жылқышы Базар алып қашып кетеді де, орыс хуторына барып, Тимофей деген шалға паналайды.

Қ.Бекхожин бұл поэмасын былайынша яғни «Махаббат пен достықтың бұл дастанына қаламымды қозғаушы, Қазақстанның искусствоға

еңбегі сіңген қайраткері – Мария Егоровна Рекинаға «Арнау» өлеңімен бастайды».

Бұл сенен қызықты боп қалған аңыз,

Сазына сол жырыңның таң қаламыз.

Тебіренсе даламызда «Дударайың»

Бар қазақ тербелеміз, толғанамыз,- деп жырлайды.

Қазақ және орыс халықтарының достығын көрсетуді ақын негізгі нысана етіп алған. Өмірде болған, халыққа кең таралған өлең мен әнді жырлаған қазақ жігіті Дудардың (Дүйсен) орыс қызы Мариямға ғашықтығы бірінші орында көрсетіледі.

Поэманың алғашқы бөлімінде баяу ағып жатқан балықты Нұра өзенінің көрінісі берілген. Түн ішінде Нұра бойымен ашуға булығып келе жатқан адамға – Нұра өте ыстық көрініп, ызасын қайтарғандай болады. Осы кезде оның құлағына бір әсем сазды әуен естіледі. Көз салып сығалап қараса, балықшы шал қасында ән салып отырған сұлу қызды көреді. Бұл шал балықшы Жагор еді. Қасындағы қызы Мариям болатын. Бейтаныс жігіт Жагор қартқа сәлем беріп, қалайша поселкадан келіп қалғанын, баласы Алексейдің қайда екенін сұрайды. Міне, сұлу Мария мен қазақ жігіті Дүйсеннің таныстығы осы сәттен басталады.<sup>7</sup>

- Шырақ, кім едің сен?

- Үкеннің баласымын, атым – Дүйсен.

- Сенбісің, көгершінім, бұл сенбісің

- Жылы жүз жөн сұраған бұл кім десем,- деп Жагор қарт жігітті сүйіп, есіне өткендер түсіп, Үкеннің хал-жайын сұрап жатады.

Үкен мен Жагор қарт бірін бірі қашаннан танитын дос адамдар еді. Жагордың баласы Алексей патшаның қуғынына ұшырап, айдалып кетеді де, әкесі Жагор жоқшылыққа және жергілікті әкімдердің қыспағына душар

---

<sup>7</sup> Ескерту: поэмадан алынған келесі үзінділер де «Алты асқар» кітабынан алынғандықтан, енді тек бетін ғана күрсетумен шектелеміз. (Н.Ш)

болады. Қызы Мария екеуі елден аулақ жерде Нұраға тор тастап, балықшылықпен күнелте бастаған шақ еді бұл.

Бұлар жайымен сөйлесіп тұрғанда думандатып Андрей бастаған үш жігіт келеді де:

Сұлу қыз, неғып тұрсың оңашада,  
Жүр бізбен серуенге, тамашаға.  
Безініп жастық сайран қызығынан  
Жүргенің балық аулап жараса ма?- дейді.

Поэмадағы тартыстың келіп шығуы яғни шиеленістің бір ұшы осы арада басталады. Андрейлер мініп келген үш аттың бірі Дүйсеннің аты еді, көзіне оттай басылады. Зорлықшыл бай балаларының басынуы, орынсыз жәбірлеуі Дүйсеннің де қанын қайнатады. Осы кезде жанжал шығып кетуінен сескенген Мария орыс жігіттеріне басу айтады:

Ендеше соның атын жіберіңіз,  
Гармонды гулетіңіз, жүр, келіңіз.  
Билейік, билеп мен де ән шырқайын,

Жадырап қалсыншы бір жүрегіміз, - деген сөздерден жігіттерді жанжалдан тоқтату мақсаты аңғарылады.

Дүйсен ақсұр атты мініп, елге келеді, әкесіне Жагордың сәлемін де айтады. Міне, осыдан бастап екі үй – орыс және қазақ семьялары арасында татулық басталады. Дүйсен әкесіне Жагор қарттың маңына көшуді айтып өтінгенімен, алдындағы бес қарасын бес жүздей көрген Үкен баласының айтқанына қөнбейді. Әке мен бала арасындағы тартыс, конфликт поэмада одан әрі өрби түскенін келесі бөлімдерден айқын көруге болады.

Ыдырыс рушылдық дәстүрін пайдаланып, Дүйсен сияқты өткір жігітті өз қасына алмақ болады. Ондағы мақсаты өзінің қолшоқпары ету болатын. Бірақ оған Дүйсен қөнбейді. Бұның өзі сол кезде қазақ даласында рушылдық-феодалдық салттың қаймағы бұзылып, таптық жіктің көріне бастағанын дәлелдейтін жәйіттер. «Маған хатшы бол, егер маған адал қызмет етсең, жарлы-жақыбай сенің алдында құрдай жорғалап жүреді» деген майда

сөздеріне Дүйсен қарсы шығып, тойтарып тастайды. Ыдырыс болыс Дүйсен мен Марияның қосылуын болдырмас үшін барлық шараны істеп бағады. Сол маңдағы діндар қожа-молдалардан бастап, надан шал Үкенге дейін Дүйсенге қарсы шығады.

Алғаш Ыдырыс Үкен қартқа келіп зекіп:» Сені кім осы жаққа сүмендетті, жат жұртқа құда болған қазақ бар ма еді? Сен атаның жолын аттап, ұлыңа Жагордың қызын алып бермексің, шоқындымен құда болмақсың»,- деп сөгеді. Сенің ұлың желіктіріп, Базар мен Өрікті де қашырды, ұлың қайда, көрсет маған»,- деп тепсінеді.

Үкен де» Сүйегіме таңба түсірдің» деп қатты ашуланады. Базар мен Өрік паналаған орыс шалы Тимофей Дүйсен қайда, әлденеден жасқанып құр жүргенше, неге Марияға қосылмайды»-деп өзінің тілектес екенін білдіреді. Үйіне келген Дүйсенді әкесі Үкен қатты ашуланып қарсы алады:

Желігіп қаңғыбас ұл неге келдің?  
Сұмдықты сумаң қаққан ескермедің.  
Қыз алған діні жаттан қазақ бар ма?  
Торына қалай түстің осы өрмектің.  
Мариям дегенді қой, өшір үнді,  
Сұра бар, Ыдырыстан кшірімді.  
Ұстап бер анау қашқын Базар қуды,  
Тигізбе маған мұндар кесіріңді.<sup>8</sup>

Дүйсен қанша жалынса да, әкесі безілдеп тыңдамайды. Ақырында, үйінен безіп, елден аулақта ойланып отырады.

Мариям мен Дүйсеннің жолығуы қиындай түседі. Мариям да Дүйсенді ойлап қамығады. Осы кезде оған достары арқылы Дүйсеннің жазған хаты табыс етіледі.

Адал сөзін махаббаттың,  
Ар қып саған айтамын наз.  
Жүрегіме сен от жақтың,

---

<sup>8</sup> Солнда...142

Болдым сенің лебіңе масс.

Ай боп туып өзге жұрттан,

Үмітіме болдың жұлдыз.

Аттай алмай жат ғұрыптан,

Әурелікпен неге жүрміз,

Көндім жұрттың мазағына,

Сумаң қағып, жатыр шулап.

Көтереміз азабын да

Өтсін өмірім ерегіспен,- деп қосылғанша асығамын,  
жауабын бер,- деп ой білдіреді.

Базар Марияның хатын енді Дүйсенге жеткізеді. Екі ғашықтың арасындағы байланыс енді хат арқылы болады.

Түсін сен, мұны терең Марияның,

Арманы толқынындай дарияның.

Сен үшін, достық, еркін өмір үшін,

Дінді де, ғұрыпты да мен қиямын,<sup>9</sup> деген жолдардан шын ғашықтардың ішкі мұңын да, сырын да байқау қиын емес.

Поэмада кейіпкерлер де, оқиғалар да өте көп. Бұның бәрі негізінен Дүйсен мен Мария арасында өрбісе де, оған қосымша көп нәрсенің жөнін аңғартады. Сол кездегі қазақ даласының жай-күйі, болыстар мен орыс билеушілерінің өзара ымы-жымы бір болып, еңбекші халықты езгіде ұстаудың, ол үшін ұлт араздығын қоздыруға әрекет істеу сол заман шындығына сай көрініс береді.

«Мариям Жагорқызы» поэмасының сюжеттік желісі нағыз драмалық тартысқа құрылған. Ақын махаббат үшін тартылған қиындықты әлеуметтік тартыспен шебер ұштастыра білген. Сонымен қатар, осы тартыс үстінде сыналған, шыңдалған орыс халқы мен қазақ халқының қасиетті достығы айқын да нанымды көрінеді.

---

<sup>9</sup> Сонда...151

Шиеленіскен тартысқа негізделген сюжеттік желі поэмада жекелеген адамдар арасындағы қарым-қатынастар арқылы берілген. Негізгі сюжеттік желі Мариям мен Дүйсеннің қарым-қатынасы болса да, солардан тарамдалған өзге кейіпкерлердің араларындағы қарым-қатынас, қақтығыстардан әлеуметтік суреттер көрініп отырады.

Поэмада қазақ кедейі Үкеннің ұлы Дүйсен мен қазақ арасына көшіп келген орыс Егордың қызы Мария бірін бірі сүйіп ұнатады. Бірімен бірі өмірлікке тағдырларын қоспақ болады. Бұлардың арасындағы достық кездейсоқ емес. Қиыншылықта әкелері табысып, біріне бірі құшақ ашқан болатын. Поэмада Дүйсен мен Марияның достығы сол әкелер достығының заңды жалғасы іспетті сенімді әрі дұрыс жырланған, бұл сюжеттегі ұтымды табылған байлам.

Поэмада Дүйсен мен Мария арасындағы сюжеттік желі бірде Андрей мен Мария, Базар мен Өрік, Базар мен Ыдырыс арасындағы қарым-қатынастар да негізгі тартысты айқындай түсетін жәйіттер.

Бай баласы Андрей де Марияға ғашық. Бірнеше рет ойын білдірсе де, Мария оған көз салмайды. Осыған ашуланған Андрей ашық дұшпандық әрекеттерге барады.

Дудар-ай, келер болсаң, тезірек кел,

Орныңа жауыз біреу таласып жүр,- деп беріледі поэмада.

Дүйсен мен Марияның достығына сенбеген ауыл адамдары оларды дін заңымен қорқытпақ болады. Бірақ бәрі де нәтижесіз. Тұрмыс заңы қайта Дүйсен мен Марияны жақындастыра, табыстыра түскенін көреміз. Қатты қыста малы жұтаған Үкен орыс поселкасына көшіп келіп, отырықшылыққа, жермен кәсіп етуге, тіпті бұрын істемеген кәсібі балықшылыққа да үйренеді. Бірақ поэмада аталасы Ыдырыс болыстан қорыққан Үкен баласы Дүйсеннің айтқанына көнбей, қайтадан қазақ ауылына көшіп кетуі де ақиқат жай болып табылады. Ыдырыс пен Дүйсен арасындағы тартыс пен қақтығысты орыс байы Андрей одан әрі тереңдетіп әкетуі де сол дәуір шындығының айқын көрінісі болып есептеледі.

Поэмадағы негізгі оқиға, әрі шешуші оқиға таптық тартысты шиеленістіре түскен 1916 жылдың оқиғасымен одан әрі өрши түскен. Ұлт азаттық көтерілісіне қатысқандар Андрейді байлап тастайды, тізімді өртейді. Міне, осы кезде тығылып жатқан Ыдырыс болыс Дүйсенді атып өлтіреді. Бірақ мұнымен күрес тынбай, қайта өрши түседі.

Сөйтіп өктемдер мен озбырлар билеген, адам еркін жауыздық тұсаған заманда туған Дүйсен мен Мариямның адал да ақ махаббаттары трагедияға айналып, еңбекші халықтың қайғы-мұңына араласып кетеді. Ақын мұны орыс, қазақ шаруаларына ортақ мұң, ортақ сезім ретінде суреттейді. Мұны екі халықтың рухани жақындасуының бейнесі ретінде алып қарауға болады.

Автор поэманың басты геройлары – Дүйсен мен Мариям арқылы екі халықтың туыстық сезімін үлкен махаббатқа ұластырып суреттеген.

Сонымен, Қалижан Бекхожинің «Мариям Жагоқызы» поэмасында қазақ халқының XX ғасырдың басындағы тарихи шындығы өзінің көркем бейнесін толық тапқан деп қарауға болады. Поэма кейіпкерлері де тарихи шындыққа сәйкес суреттелгендігін көру қиын емес.

Қалижан Бекхожин өзінің «Мариям Жагорқызы» поэмасы арқылы кезінде қазақ поэмалары қатарын ірі эпикалық шығармасы арқылы ғана емес, аса көркем, өнер адамының бейуақыттағы бақытсыз тағдырын да бар болмысымен көрсете білді. Жалпы, тарихи туындыға қойылатын басты талаптың бірі тарихи тұлғаны өз дәуіріне лайықты түрде әсірелемей де, төмендетпей де көркемдік деңгейде көрсету десек, сондай ақ тарихи фактілерге ешқандай қиянат етпестен замана шындығын көркем баяндау екенін ескерсек, «Мариям Жагорқызының» бойынан бұл талаптың бәрін де табамыз. Қазақ әдебиетіндегі тарихи поэма жанрын байытқан, әдебиетіміздің кезеңдік бір табысы болған бұл поэманың кейіпкерлерімен танысуды келесі бөлімнің үлесіне қалдырып, поэманың тақырыбы мен ондағы оқиғалар жүйесі туралы ойымызды осы айтылғандармен қорытамыз.

## ЕКІНШІ БӨЛІМ

### Поэмадағы негізгі кейіпкерлер образдары

Қ.Бекхожиннің «Мария Жагорқызы» - нағыз шын мәніндегі эпикалық сюжеті қою поэмалардың бірі. Поэманың сюжеттік желісінің өзі қым-қиғаш драмалық тартысқа құрылғанын өткен тарауларда айтып өткенбіз.

Поэма кейіпкерлерінің өзара қарым-қатынасына, ситуациялық жағдайларға құрылған көптеген сюжеттік желілер бар. Мысалы, Дүйсен – Мариям; Андрей – Мариям; Дүйсен – Андрей; Базар - Өрік; Ыдырыс – Дүйсен; Ыдырыс - Өрік; Базар - Өрік; Үкен – Жагор; Базар – Тимофей; Дүйсен – Алексей; Дүйсен – Хазірет араларындағы шиеленістер мен ситуацияларды суреттеу арқылы автор поэманың композициялық желісін шебер құрастырған.

Жеке адамдар араларындағы қақтығыс, қайшылықтарды ақынның әлеуметтік, таптық тартыстармен табиғи ұштастыруы өте нанымды шыққан. Ақын сюжеттік арқауы берік, кең ауқымдағы эпикалық туындысында бірнеше кейіпкердің әдеби тұлғасын өрнектеген. Бұл поэмадағы **орталық кейіпкер – Дүйсен мен Мариям**. Екі жастың бір біріне болған ыстық ынтызарлығы, мөлдір махаббатын ақын суреттей отырып, сол жастар өмір сүрген қоғамның әлеуметтік шындығының бетін ашады.

Поэмадағы кейіпкерлер образы дәуір шындығына сай алынып, көркем тілмен берілген. Олар өз бойларына сыйымды іс-әрекеттерімен, таптық тілектерімен, күрес-тартыстарымен оқырманның есінде ұзақ сақталады.

#### Дүйсен образы.

Поэманың бас кейіпкері – Дүйсен. Шығармада оның жеке өмірі мен әлеуметтік тіршілігі қамшының өріміндей біріне бірі біріге баяндалған. Яғни оның адамдық мінезі де, әлеуметтік кейпі де айқын көзге түсіп отырады. Дүйсен – Үкен атты кедей шаруаның жалғыз ұлы. Ол әкесінің, әкесіндей

кедей шаруалардың қанаушы өктемдердің езіп-жаншуында өтіп жатқан ауыр тұрмысын көзімен көріп өседі. Өз көзімен күнде көріп отырған әлеуметтік теңсіздік, өмір азабы оның қабырғасын қайыстырса, Андрей, Ыдырыс сияқты патша ұлықтарының жергілікті қарапайым халыққа істеп отырған зорлық-зомбылықтары, жәбір-жапасы қанын қайнатып, ыза кегін өршіте түседі. Міне, өмірдің осындай ащы зардаптарын өз басынан өткізіп, не жасарын білмей, басын тауға да, тасқа да ұруға беттеген Дүйсеннің көзін ашқан сол кездегі орыс халқының жақсы адамдары - Тимофей, Алексейлер болады. Халқының бостандығы, бақыты үшін Дүйсеннің күреске шығуының мотивировкасын ақын осылай суреттейді. Поэмада Дүйсеннің іс-әрекеттері бірте-бірте сатылай өсе келе, шарықтау шегіне әсерлі түрде жетеді.

Поэма соңында ол патшалық өкіметке қарсы 1916-жылғы халық көтерілісінің жетекшісі ретінде көрінеді. Ол өзі өмір сүрген уақыттың ірі қайраткері, үлкен күрескері, халқы үшін айтарлықтай еңбек еткен, тұлғалы азамат ретінде оқырман есінде сақталатын ұнамды образ. Поэмадағы Дүйсен ең алдымен қарапайым еңбек адамы болып танылады. Бұған оның Егор, Мариямен бірге Нұра өзенінен балық аулайтын сәттері немесе өз үйінің шаруасына болысып, шөп шауып жүретін кезі дәлел бола алады.

Ежелден келе жатқан сюжетті поэмалардағы ұнамды бейненің сипатын жан-жақты ашу үшін оның портретін, мінездемесін беру дәстүрін де ақын «Мариям Жагорқызында» қатаң сақтаған. Бірақ ақын дәстүрдің жөні осы екен деп, құры беталды кете бермей, оны шығарманың композициялық, идеялық бағытына табиғи қиюластыру жағдайын көздейді. Мәселен, Дүйсен мен Марияның алғашқы кездесу сәтін суреттей отырып, автор Дүйсеннің портретін Марияның көру, ұнату, қабылдау сезімдері арқылы береді.

Сүйкімді күрең жүзді, әсем сымбат

Өр кеуде, жалпақ иық, бойы сұңғақ

Бөркінен шашыраған бұйра шашы.

Түсіп тұр кең маңдайға келісіп ақ.

Өткір көз қарақаттай қарашығы,

Қабағы әрі ойлы, әрі ашулы.  
Жіңішке қара мұрты келбетіне,  
Әдейі біткендей бір жарасымды.

Қараса көзінен сыр қозғалғандай,  
Мейірімді айтылатын сөздер бардай.  
Өзенге тастап торды орыс қызы,  
Жігітке қарап тұрды көз аудармай.<sup>10</sup>

Дүйсеннің портретін беруде ақын белгілі мақсат көздеген. Мариямның ойы, ішкі сезімі, көзқарасы мен ұнатуы арқылы берілген жігіт портреті, екінші жағынан екі жастың арасындағы мөлдір, жарсықты сезімнің тұтануына себеп-кілт ретінде көрінеді

Жасынан жасымаған, жас жігерлі,  
Өрлігі, өткірлігі басым еді.  
Жанына үміт күткен бар талабы,

Өзгеше даланың бұл жас түлегі,<sup>11</sup> - деп аз сөзбен көп мағынаны аңғартқан мінездеу де Дүйсеннің портретін толықтыра түскен.

Бас кейіпкердің тұлғасын оның сөйлеген сөздері арқылы ашу поэма жанрында, соның ішінде қазақ поэмаларында жай қолданылып жүрген көркемдік компоненттердің бірі. Ақын Дүйсеннің бейнесін кеңірек таныту үшін оның сөйлеген сөзін де келтіреді. Дүйсен сөйлеген сөздерінен оның әлеуметтік тұлғасы, сол кездегі өмірдің ішкі мәні, заман тынысы жайлы ой-өрісі, көзқарасы, топшылаулары айқын көрінеді. Дүйсеннің Ыдырыс болыстың шақыртуымен келіп, оның өзіне жәрдемші, хатшы бол деген ұсынысынан бас тартып және не үшін бас тартқанын дәлелдеп айтқан сөзінің өзі әлеуметтік кейпінен хабар бергендей. Немесе, Дүйсеннің Андрей Шишковтың қазақ еңбекшілеріне істеген өктем-зорлығына күйініп кетіп, Тимофейге шағынған сөзі, яғни досы Базарға орыс адамдарынан үлгі-өнеге алуы жөнінде айтқан сыры оның әлеуметтік тұлғасының іштей сатылап өсу

---

<sup>10</sup> Сонда...105 бет

<sup>11</sup> Сонда...112 бет

эволюциясын сипаттайды. Байдың малын бағып, құлдықта езгіде жүрген жылқышылармен сырласып, әңгімелесіп отырып айтқан Дүйсеннің:

Осынша неткен дала, құлан жазық,  
Осылай жатқаны ма ел құлазып.  
Қу шөптен басқа нәр жоқ үстінде бір,  
Түртініп тапқан әрең мал ғана азық.  
Орыстың таң қаламын өнеріне,  
Толықсып байшешектер тұр жерінде.  
Кешегі құла түзге қала қонып,  
Алтындай айналасы толды егінге.

.....

Осылай анды қуып, малды бағып,  
Далада жүреміз бе, қаңғып, лағып.  
Орыстан оқып, неғып үйренбедік,  
Өнеге істерінен тәлім алып.

Кім біздің қолымызды қойған байлап,  
Осыны білдіңдер ме тегінде ойлап.  
Қырдағы қытымыр бай, болыс бізді,

Қалайша тұншықтырып, қор қып қоймақ,- деген сөздерінен оның ой-өрісінің биіктігі де аңғарылады. Өз халқының қамын жеген адал перзент қана осылайша тебіренеді, толғанады. Сол тұстағы әлеуметтік мешеуліктің тар қапасында қаншама зар еңіреген, туған елін орыс халқының мәдениетінен үлгі алуға, жарыққа, прогреске үндеген бұл сөздер оның әлеуметтік тұлғасын көріктендіріп, сомдап тұрады.

Қанаушылар әлеміне, патша өкіметіне қарсы күреске үндеген Алексей досына берген жауабы Дүйсеннің халық бақыты үшін күрес жолына түскенін танытса, ал көтеріліс кезіндегі:

Жеті күн етікпенен суды кешкен,  
Жеті күн ауыздықпен ат су ішкен  
Келді күн ер жігітке ереуілдеп,

Алатын еркіндікті тартып күшпен.  
Даланың дауылды екпін түлектері,  
Өрттей бір жалындаған жүрек кегі,  
Көтеріп ерлі туын жөнелейік,

Қаһарын халқымыздың үдеткелі,<sup>12</sup> деген жолдардан қолбасшыға лайықты отты сезімі мен Ыдырыс болыстың ауылын талқан қылып, жазалаушы отрядқа қарсы майданға аттанардағы дабылды, кекті үндері Дүйсеннің нағыз күрескерлік, азаматтық, ерлік бітімін айқындай түсіп тұрғанын көреміз.

Поэмадағы бірінші әрі басты сипаты оның күрескерлігі де сөйлеген сөздерінен ғана емес, іс-әрекеттері арқылы да мүсінделген. Әсіресе, көтерілісшілерді бастап, Ыдырыс, Хазірет, Андрейлермен шайқасқа түсетін тұстардағы оның ерлік, азаматтық тұлғасын көзге толық елестете аламыз. Поэма оқиғасының шарықтау шегі – патша және оның жергілікті әкімдеріне қарсы халық көтерілісінің жетекшісі – Дүйсен.

Халық көтерілісін бастап жүріп, қапияда Дүйсеннің оққа ұшуы да оның өрлік тұлғасын әлсіретпей, қайта күшейте, зорайта түскен. Поэма соңында Дүйсен бастаған істі арман қарай жалғастырып, өрістетіп әкеткен Базар мен халықтың құдыретті толқынын суреттеу шығарманың оптимистік сарынын, жігерлі рухын жақсы тантады. Азаматтық, ерлік келбетімен қатар поэмада Дүйсеннің ішкі дүниесінің сыр-сипаты да тәуір берілген. Оның жастық оты лапылдаған жас Марияға деген іңкәрлігі, таза махаббаты шығарманың әр тұсында нәзік ақындық тебіреніспен нанымды толғанған. Мариямды көрген сайын оған деген сезім толқынын:

Сақтап бір жақсы үмітін күн көзіне,  
Жиектен келе жатыр қыз өзі де.  
Дүйсеннің ұйып қалды жүрегіне,  
Қыз көркі, наз дауысы, мінезі де.  
Жарқылдап қыз сәулеті көзіндегі,

---

<sup>12</sup> Сонда 71 .б

Жігіттің ұшқындады сезімдері.  
Құшағын жайып Дүйсен тұрды қызға,  
Сүюдің сәтіне де әзір еді...<sup>13</sup> деп суреттейді.

Өзінің махаббат сезімін Марияға тікелей айтып білдірген тұстағы, немесе Базар арқылы жолдаған хаттағы айтылған сөздері Дүйсеннің ішкі дүниесінің байлығын, мөлдіреген тазалығын паш етеді.

Адал сөзін махаббаттың,  
Ар қып саған айтамын наз.  
Жүрегіме сен от жақтың,

Болдым сенің лебіңе мас,- деп басталатын Дүйсеннің Мариямға жазған хаты бір жағынан Пушкиннен Абай аударған Онегиннің Татьянаға жазған хатын еске түсіреді. Екінші жағынан, өзгеге ұқсамай, өз жүрегінің түкпіріндегі сезімін өзінше толғаған Дүйсеннің ғана жан сыры деп қабылдауға да келеді. Махаббаттың күші жолындағы бөгесін, кедергіні, тосқауылды қалайша жеңетіндігі, сонымен танылатыны белгілі. Дүйсеннің Марияға деген махаббатына да тосқауыл аз емес.

Бұл ретте профессор Серік Қирабаев: «Дүйсен бойында даланың ер ұлының сипаттары мол. Сезіміне еркін ол – іс-әрекетте де батыл. Оның далада Андреймен кездесіп атқа таласуы, болысқа хатшы болудан бас тартуы, өз сезімі мен еркіндігін қорғап, мешітке барып хазіретпен айтысуы, көтеріліс кезіндегі жалынды сөздер мен батыл қимылдары мұны айқын көрсете алады,»<sup>14</sup> деп өте әділ баға береді.

Бірінші кедергі ескі әдет-ғұрыптың шырмауындағы қатал салтқа қарсылығы болса, ең басты кедергі Ыдырыс пен Хазіреттің тағылық әрекеттері еді. Қатал әкемен ат құйрығын үзісіп, жолындағы Ыдырыстың да, Хазіреттің де қанды қақпанын қиратып, Мариямға қосылған Дүйсеннің ісі – нағыз ерлік болып танылады. Әсіресе, ел шетіне келіп, Хазіретпен айтысатын тұстағы оның ер де шешен қалпы махаббат майданыдағы ерен бейнесін

---

<sup>13</sup> Сонда...131-б

<sup>14</sup> С.Қирабаев Қазақ әдебиеті. Алматы.1993. 144-б.

көзге елестетіп отырады. Мешіттегі Дүйсен мен Хазірет айтысын беруде ақын поэзиямыздағы ежелгі айтыс сияқты дәстүрді жанрдың мүмкіндігіне сәйкестендіріп, творчестволық шеберлікпен ұтымды пайдаланған.

Дүйсен мен Хазіреттің бетпе бет келіп, сөзбен шарпысуы, майдандасуы өте әсерлі эпизодтардан саналады. Бұл жекпе-жекте Дүйсен басым түсіп алдырмағасын, Хазірет, Ыдырыстар өздерінің көптігін пайдаланып, қарсы қара күшке салады. Жауыздар тобы Дүйсенді бұғаулап, махаббаттың үнін зорлықпен, білектің күшімен өшірмек болады. Мариямның «Дударай» әнінің күйімен қанаттанған Дүйсен дүлей топты жарып шығып, ғашығымен кездеседі. Поэмада Дүйсен әрі әлеуметтік аршынды істерімен, әрі махаббат майданындағы биік бітімімен анық та толық мүсінделген ірі әдеби кейіпкер. Өткен дәуірдегі Сәбит Мұқановтың «Сұлушаш», Жұмағали Саинның «Күланда», Иса Байзақовтың «Ақбөпе» сияқты поэмаларындағы Алтай, Әбікен, Әмірхан тәрізді кейіпкерлермен «Мариям Жагорқызындағы» Дүйсеннің ұқсас жақтары да, өзгешеленетін тұстары да бар. Сол көне қоғамдағы күреске шыққан олардың кедергілеріне қарағанда, Дүйсенге тап болған тосқауыл Алтай, Әбікен, Әмірхандардан анағұрлым күштірек. Сол замандағы қоршылес отырған екі ұлттың – орыс пен қазақ жастарының бір біріне болған достық, махаббатының тұңғыш қарлығаштары болып бейнеленген Дүйсен мен Мариямның махаббат жырының ұлттық поэзиямыздан алатын орны бөлек. Сонымен қатар, Дүйсеннің махаббат жолындағы хикаясымен бірге, өзімен тағдырлас кейіпкерлерге салыстырғанда, оның әлеуметтік, азаматтық тұлғасы кеңірек, молырақ суреттелген.

## Мариям бейнесі

Поэмада сүйкімді орыс қызы Мариямның бейнесі – автордың үлкен көркемдік табысы болып табылады. Қарапайым еңбек адамы, балықшы, шаруа семьясында өскен Мариямның көзге түсетін басты қасиеті - өз халқының абзал перзенті болып көрінуінде. Ол да әке-шешенің қолқанаты болған еңбек адамы. Көркем шығармалардағы Мариям сияқты ұнамды тұлғаны оқырманға сүйкімді етіп таныстыру үшін автор да белгілі дәстүр бойынша оның сыртқы портретіне айрықша көңіл бөледі. Автор Мариям портретін суреттегенде, басқа сұлуларды бенелейтін белгілі штамп, трафереттен аулақ, өзінше тың өрнек, жаңа кескін ұсынған. Және Мариям портреті бас кейіпкер Дүйсеннің көзімен, ой- көңіл дүниесімен былайша беріледі:

Жас жігіт балық толы торды сүйреп,  
Қарады қасындағы отты көзге.  
Кейбір сәт жүзі күліп жас балаша,  
Көзінен жалын атқан жай қараса  
Жұпыны көйлек бүркеп жасыра ма?  
Қыз дене қызықты өз қалпыменен,  
Артық қой әсірелеп айту деген.  
Тек ауызы әсем күйдің аспабындай,  
Бұғағы бүлкілдеген ән тілеген.

Осы портретте айрықша көзге ұрып тұрған ешнәрсе де жоқ. Қайта Дүйсенмен жолығысқан жас қыздың қарапайымдылығы, сүйкімділігі, жан дүниесінің тазалығы сипатталған. Мұнда ақын жас Мариямның портретін бере отырып, оның әнші, өнер иесі екенін көрсетсе, ал екінші бір жерде Мариям портреті былайша суреттелген:

Табиғат қалай асыл нұрын құйған,  
Кетіпті сұлуланып бұрынғыдан.  
Шоқтаныап көз жанары жүзінде қан,

Жайқалып бәйшешектей қыз құбылған,<sup>15</sup> деп дәстүрлі теңеулерді де қолданады. Нұр, шолпан, бәйшешекке теңей отырып, оның сұлу мүсінін көзге елестетеді. Мариямның сол уақыттағы озық ойлы жан дүниесі бай, орыс халқының өкілі екені байқалады. Оның ашық, ақжарқын мінезі, жастармен, әсіресе, қазақтың қыз-жігіттерімен ойын-сауықтарға араласуымен де танылады. Сонымен бірге, Мариям қазақ жастарын би, музыка өнеріне баулып, жаңалыққа тәрбиелейді. Шығармада Мариям өз халқының адамгершілік қасиеттерінің ең асылдарын бойына толық жинаған адам ретінде көрінумен бірге, оның өз ұлтын жанындай берік сүйетінін, ұлттық кейіпкер екенін аңғарамыз.

Орысты ұмытпаймын, туған халқым,

Сүйемін ақ жүрегін, артық данқын, -деген сөзінен де көп нәрсені тануға болады.

Мариямның тұлғасын жарқыратып тұрған оның Дүйсенге деген махаббат сезімдері. Мариям – шын, таза, биік сезімнің адамы. Ол Дүйсенге деген өз махаббатына кедергілерді өжеттікпен жеңіп, батылдықпен күреседі. Ол Дүйсенге деген махаббатына адал, берік. Дүйсенмен болған махаббаты үшін сол дәуірдегі керітартпа әдеттерді жеңіп шығу Мариям бойындағы ең абзал сипаттардан.

Өзінің туған анасының қарсылығы, жалғанды жалпағынан басып жүрген сол өңірдің серісі, әрі тәңірідей билеушісі Андрейдің Мариямға құшақ жаюы оны біраз әуре-сарсаңға салып қояды. Бірақ ол өз жүрегіннің ғана қалауын орындап, өз жанына балаған сүйіктісіне қосылудан тайынбайды. Табандылық, оттылық, жігерлілік көрсетіп, мақсатына жетеді. Сол кездегі, түнек мезгілдегі Мариям мен Дүйсеннің махаббаты жарқ еткен Шолпан жұлдыздай өзінің ерекше мән-маңызымен, үлгі-өнегесімен есте қалады. Олардың адал сезімдері кейінгі дәуірдегі үйреншікті тіршіліктің сол кездегі прологындай, тұңғыш қарлығашындай болып көрінеді.

---

<sup>15</sup> Сонда...117

Мариямның тағы бір жарқын сипаты – оның өнерпаздығы болып табылады. Мариямның биік адамгершілігін оның бойындағы шалқыған өнер күші толықтырып, айқындай түседі. Оның әні, Мариям жанының әсерлі сыр-сипаттары мен құдырет күші бүкіл поэманың бойына қан жүгіртіп, нәр береді. Поэманың Мариям әнін суреттеуден біріне бірі сүйеу, бірін бірі қорғаушы ретінде болғаны баяндалады. Мариямның өнерпаздығы, оның өнерінің жарқын суреттері поэманың алғашқы тарауларында ақ шебер берілген.

Сол бір ән аңқып желдей таңертеңгі,  
Қозғалып ұйқысынан таң тербелді.  
Шымырлап, шусыз аққан өзен беті,  
Толқыннан туған ән бұл терең шерлі.

Күн емес, осы дауыс жерді оятқан,  
Керіліп таңғы дала ойға батқан.

Жабырқап тұрған жағы жаңғырығып,

Бұл әнді естілмеген қала тапқан,-деп ұйқыға батқан меңіреу далаға тіршілік әкелген Мариям әнін толғай отырып, оқырманға болашақ әннің, оқиғаның кілтін ұсынады.

Ақын толғанған әнге, әннің иесіне, сол әнмен байланысты болашақ оқиғаның келбетіне оқырманды құмарттыра түседі. Поэмадағы ән суреттері кейіпкердің ішкі дүниесін, мақсат-мінезін ашуда көркемдік қызмет атқарады. Мәселен, Онегинге Татьянаның хатын Мариямның әнге салып орындауынан, оның өзінің ішкі дүниесінің сырлары шертіледі.

Мариямның Дүйсенге деген махаббат сезімінің құпиясын ашқан атақты «Дударай» әнінің тууы, орындалуы, оның қалың қауымға еткен әсері поэмада асқан шеберлікпен берілген. Ол поэмадағы шиеленіскен оқиғалардың бетін бұрып жібереді. Композициялық рол атқарып тұрады.

Сазына сол бір әннің қан шымырлап,  
Елпілдеп жас жүректер қалшылдады.  
Мариям махаббаттың мұңын жырлап.

Тамсанды кәрілер де жұтып әнді.  
Таянып таяғына тұрып қалды,  
Тамылжып тәтті бір үн жұрт жанымен,  
Тербетіп әкеткендей тыңдағанды,<sup>16</sup> деген, бүкіл қазақ даласын жаңғыртқан ғаламат әсемдігін, әсерлілігін берген поэманың кейбір тұстары Ілияс Жансүгіровтың «Құлагер» поэмасындағы атақты өнерпаздың әйгілі әнінің:

Ащы зар, ауыр шері айғайлатты,  
Құлагер айтқан сайын қайғы ойлатты.  
Ышқынып, керең қырға маза бермей,  
Күрсініп, соқыр түнді бай-байлатты.

Жыр дауысы ен далада шықты қатты,

Түн, дала, ел төсекте тыңдап жаты.

Құлақ сап, қырда қоян, қорада қой,

Жылқылар жайылыста ішін тартты,- деген үздік жасалған сырлы суреттерін еске түсіреді. Өнерді, өнер адамдарын бейнелеуде ақын Қ.Бекхожиннің кемеңгер ұстазы І.Жансүгіровтан творчестволықпен үйренгені жемісті нәтижесін көрсеткен.

Қалижан Бекхожин поэмасындағы Мариям – ірі әдеби тұлға. Мариям арқылы үлкен сезімнің, өршіл де өр адамның, биік өнер иесінің бейнесі толық берілген. Мариям образы бұған дейінгі қазақ поэзиясындағы осы алуандас кейіпкерлермен салыстырсақ, оның ұлттық поэзия үшін тың бейне екенін білеміз. Мариям – жаңа кезеңнің жаңа кейіпкері. Орыс, қазақ халықтарының ұлы мақсат жолындағы бірлігінің, достығының жыршысы, тарихи шындыққа сай сәулетті көрінісі болып көрінеді. Мариям да Дүйсен сияқты халықтың азаттық жолындағы күресіне белсене араласқан, әлеуметтік дара тұлғасымен танылатын әдеби образ.

---

<sup>16</sup> Сонда...99 –б.

## Поэмадағы басқа кейіпкерлер образдары

«Мариям Жагорқызы» поэмасында бас кейіпкерлер Мариям мен Дүйсеннен өзге де көптеген кейіпкерлер бейнелері сомдалған. Әсіресе, олардан атап айтуға тұрарлықтары, шынайы жасалғандары – Тимофей қарт болып табылады. Ақын Тимофей арқылы XX ғасыр алдындағы қазақ ауылындағы әлеуметтік шындықтың, таптық күрестің біраз жерін байқатады.

Өткір көз, қаба сақал, дөң мұрынды,  
Кетіпті сарғыш шашы қырауланып.  
Қатпарлы, қалың маңдай, күрең бетті,  
Әлі де бойы шалқақ көкіректі.<sup>17</sup>

Тимофей өмірдің күрес атты үлкен мектебінен өткен, қазақ даласына прогресс идеясын, азаттық рухын әкелген адам. Ол орыс адамдарының демократтары нәсілінен хабар береді. Поэмада Тимофейдің қазақ еңбекшілеріне пана болып, оларды отырықшылыққа, егін егу кәсібіне үндеп, қолөнер істеріне баулуы да көп нәрсені меңзейді. Сондай ақ ол қазақ феодалдарымен шайқаста жәбір көрген, басар тау, барар жер таба алмай торыққан Базар мен Өрікке де қол ұшын береді. Яғни Дүйсен мен Базарды қазақ даласындағы әлеуметтік теңсіздікке, халықты қан қақсатып отырған зұлым күш – жергілікті феодалдар мен патша әкімдеріне қарсы күреске баулитын да осы Тимофей.

Оның:

Шырағым,- деді маған құлағың сал,  
Өмірде махаббаттан күшті бар ма?  
Қаймығар қарсы келсе, оған ажал,  
Өзіңді баста өзің жөн ісіңе,  
Құдайдың махаббатта жұмысы не?  
Жұрт емес, үйленетін өзіңсің ғой.  
Бағын сен жүрегіңнің шын күшіне.

---

<sup>17</sup> Сонда...145 б.

Әр істе өз жанына еркіндік бер,  
Үмітпен жалындасын шалқып жігер.  
Достық тап, халқымыздан ал өнеге,

Күреске ұмтыл, балам, талпынып көр,- деп айтқан ақыл сөздері Дүйсеннің болашақ өміріне жарық сәуле береді.

Поэмадағы Тимофей арқылы ақын сол кездегі қазақ халқының жарқын болашағына ат салысқан алдыңғы қатарлы орыс адамдарының терең ойлы, биік тұлғасын танытуға ұмтылғанын көреміз.

Поэмада орыс халқының алдыңғы қатарлы күрескер өкілі ретінде көрінетін – **Алексей**. Тимофей – патшаға қарсы күресте оның бұғауына түсіп қалып, Сибирге айдалған, одан әрі қазақ даласына жер ауып келген азамат болса, Алексей өткен мектеп одан өзгешелеу. Ол бірінші империалистік соғысқа қатынасып, соғыста алдыңғы қатарлы, озық ойлы, демократтық идеядағы азаматтармен араласып, көзі ашылған, патшалық құрылысқа саналы түрде бел буып қарсы шыққан орыс халқының адал перзенті. Алексей – Дүйсеннің бала жасынан бірге өскен досы. Майданнан оралған бетте ол қазақ даласының қиян-кескі халін көреді, үлкен істерге бел түріп, араласып та кетеді. Алексей қарындасы мен досы Дүйсеннің өмір тағдырын біріктірем деген махаббат мұратын бірден қолдайды. Сонымен қатар, Дүйсен бастаған халық көтерілісіне тұтқа болған ер азаматтың бірі де – Алексей болатын. Тимофей, Алексейге қарағанда, қыздың әкесі Жагордың да өзіндік дараланған бейнесі бар.

**Жагор** қазақ даласындағы патша үкіметі жер аударған орыс шаруаларының – типтік өкілі. Қарапайым еңбек адамының бойындағы игі қасиеттер мен адамгершілік сипаттар Егордың бойынан толық табылады.. Қазақ шаруасы Үкенмен оның достық қарым-қатынасы – сол кездегі орыс, қазақ халықтарының тарихи достығының, осындай еңбек адамдары арасындағы шынайы бірлігінің, татулығының басталғанын білдіретін поэмадағы мән-мағынасы терең ситуациялар. Біріне бірі ұқсамайтын, әр түрлі тағдырлы, әр алуан мінездегі, сан түрлі тұрпатты Тимофей, Алексей,

Егор сияқты кейіпкерлер арқылы автор сол дәуірдің шындығын суреттеуге жақсы мүмкіндік тапқан. Олардың Үкен, Базар, Дүйсен, Өрік т.б. қазақ халқының өкілдерінің қарым-қатынасымен екі халықтың тарихи достығының нақты сипаттары танылып отырады. Ол достық - еңбек адамдарының қанаушылар әлеміне қарсы таптық күрестерінде шыңдалып, сыналған достық.

Бүкіл поэманың өн бойындағы өзекті идея – осылайша нақты өмір суреттері арқылы бейнеленген. XX ғасыр басындағы орыс, қазақ елінің ұлы да ұлағатты достығы.

Ақын Қалижан Бекхожин поэмасында төңкеріс алдындағы қазақ даласындағы феодалдық қоғамның тірегі болған қанаушы тап өкілдерін де әрі шыншылдықпен, әрі шеберлікпен суреттейді. Поэмада еңбекші халықтың қанын сүліктей сорып, езіп-жаншып отырған Ыдырыс болыс, Хазірет, урядник Андрей Шишков бірін бірі толықтырып тұрады, әрі өзара бірі біріне ұқсамаған, дараланған образдар. Мұнда бірін бірі толықтырады дегеніміз олардың бәрінің үстемдік, зұлымдық кейпі егіздің сыңарындай ұқсас, Ал дараланған дейтініміз – кәсібі, түр-тұрпаты жағынан олардың өзгешелік сипаттары танылады.

Ыдырыс – қазақ даласының феодалы, жергілікті әкімі. Хазірет – уағыздаушы. Андрей – патша өкіметінің отарлау саясатын жыртықшылықпен іске асырушы, қанды балақ қаныпезері. Поэмада ақынның суреттеп отырған осынау кейіпкерлерін әдебиеттегі тың жаңалық деп қарауға болмайды. Қазақ әдебиетінде озбырлар типтерінің «Мариям Жагорқызы» поэмасындағы Ыдырыс болыс сияқты ұнамсыз өкілдерінің бейнелері көптеп жасалынған.

Қалижан Бекхожин сол замандағы қазақ қоғамының билеп-төстеушілері бейнесін жасауда өзіне дейінгі қалыптасқан дәстүрге арқа сүйегені көрінеді. Мысалға, поэмадағы Ыдырыс болыстың портретін алсақ:

Ыдырыс... Қара шұбар, көзі қызыл,  
Жыландай көз алдында өрмеледі.  
Бурадай қырсыз басқан бурыл түсі,

Селеу мұрт тікірейіп қызарыпты.

Қатпарлы ажымындай шұбар беттің,

Алапат ашулардан із қалыпты,- деп суреттеген Ыдырыстың портретін әдебиетіміздегі Тұрлығұл, Жорға Нұрым т.б. портреттермен салыстырсақ болады.

Сондай ақ поэмадағы Ыдырыстың уыздай жас, мөлдіреген Өрікті тоқалдыққа алам деп жанталасуы да алдыңғы әдеби кейіпкерлерге ұқсайды. Өз ырқына көнбей, азаттыққа ұмтылған Дүйсенді мешітте жазалайды, немесе Андрей бастаған патша отаршылдарымен ауыз жаласып, көтерілген халықпен соғысуы, аңсыз тұрған Дүйсенді атып өлтіруі – Ыдырыс болыстың жауыздық кейпін толық аша береді. Поэмада бейнеленген Ыдырыс сол кездегі қазақ қоғамының қасіретін көрсететін қас дұшпаны ретінде суреттелген.

Патша ұлығы, урядник Андрей Шишков сол уақыттың тарихи шындығын көзге елестетін тұлға ретінде есте қалады. Ол сол заманда еңбекші бұқараның еңбегін қанап байып, мейманасы тасқан үстем таптың, қанаушылар дүниесінің өкілі. Өзінің шыққан тегі, өніп-өскен ортасына оның ісі, мінезі, жүріс-тұрысы – бәрі де сай келеді. Қайсы ситуацияларда да, қандай қарым-қатынастарда да Андрей бойынан мен мұңдалап, көзге ұрып тұратын сипат менмендік, әпербақандық. Сол кездегі орыс халқының адал жанды, нәзік жүректі, асыл перзенті Мариямды өзінің бай-салтанатымен, қоғамдағы үстемдік дәрежесімен оп-оңай көндіріп алам деген ниетінен еш нәтиже шықпаған соң, ол пасықтыққа, өтірік-өсекке жүгінеді. Ең соңында өктемдікке, қара жүректілікке, күш көрсетуге барады. Немесе Дүйсеннің ақсұр атын тапа тал түсте көрінер көзге тартып алып, иеленіп кетпек болған эпизодта Андрейдің қандайлығы, қорқаулығы да танылып қалады.

Оның қарапайым еңбеккер шаруалардың жерлерін күшпен тартып алмақ болған сойқандығы да, Андрейдің осы тұстағы қылышынан қан тамған патша шенеуніктерінің жыртқыштық қалпынан хабар бергендей. Ұлып табысқан аш қасқырдай Андрей де қазақ елінің жуандарымен –

Ыдырыстармен, Хазіретпен әр кезде сыбайласып, тізе біріктіріп отырады. Ыдырыстың Дүйсен мен Базардың соңдарына шырақ алып түсіп, қуғын-сүргінге ұшыратқанда, Андреймен бірігіп кетуін ақын:

Үнімен дауыл беріп өрт кегіне,  
Осы ойын жұртқа жайды ертеңіне.  
Жеткізді сол хабарды Андрейге,  
Бір еді сырлары да, серттері де,- деп баяндайды.

Андрей бай әкесінің арқасында желігіп өскен, парықсыз жан, ол қаладағы ұлықтармен байланысып, панасыз қазақтарға күш жұмсайды. «Ақын Андрейдің образы арқылы қазақтардың ұлттық жылы сезімін, орыс халқына деген туыстығын түсінбейтін, түсінгісі келмейтін орыс байының бейнесін жасады», - дейді проф.С.Қирабаев.

Ыдырыс, урядник қу Андрей,  
Билікті жасап жатыр ауылымызға,- деген Дүйсеннің сөзінен 1916 жылғы халық көтерілісі кезіндегі Андрей, Ыдырыс сияқты тап өкілдерінің халықты қайғы-қасіретке ұшыратқан шексіз зұлымдығы байқалады.

Қорыта айтқанда, автор біріне бірі қарма қарсы екі топты, екі түрлі адамдарды салыстыра, қарама қарсы қоя суреттеу арқылы сол қоғамдағы ымыраға келмейтін антогонистік екі таптың тартысын өте терең сипаттап таныта білген деуге болады.

## **«Мариям Жагорқызы» поэмасының көркемдік ерекшеліктері жайында**

Қалижан Бекхожиннің поэзиялық шығармалары өзінің көркемдік бітімі, суреттеме және көркемдегіш құралдарды өте тиімді қолдана білуі арқылы қазақ әдебиетінің елеулі туындылары қатарынан орын алып отыр. Қ.Бекхожин қаламы төселген, поэзиямызда өзіндік стилі қалыптасқан, тәжірибелі ақындарымыздың бірі еді.

Жазушының да, шығарманың да негізгі құралы тіл екені мәлім. Оқиғаны қалай баяндау, кейіпкердің күйініш-сүйініштерін суреттеу, оларды жан тебіренерлік дәрежеде жеткізе білу, міне, осылардың барлығы да тіл арқылы жүзеге асады. Қалижан Бекхожин әр сөздің орнын тауып қолданатын, ақындық тәжірибесі мол, қаламы төселген ақын ретінде көпшілікке оқырман қауымға етене таныс еді. Ол тілге аса ұқыптылықпен қараған. Мұны біз «Мариям Жагорқызы» поэмасын талдау барысында айқын байқаған болатынбыз.

Ақынның басқа шығармалары тәрізді «Мариям Жагорқызы» поэмасының да композициялық өң, айрықша бітім беріп тұрған оның көркемдік өзгешелігі болып табылады. Әсіресе, ақын табиғат көрінісін, пейзажды өте әсерлі етіп, кейіпкердің көңіл күйіне, басында болатын қайғысымен, қуанышымен астастыра суреттеуге шебер.

Мәселен, поэманың «Орыс әні» тарауында берілген қазақ даласындағы ақ боранның, «Дауыл» тарауындағы көл түбегінің суреттері өте көркем де әсерлі жасалған. Поэмадағы табиғат суреттерінің бәрі де белгілі бір идеялық-көркемдік қызмет атқарып тұрғаны бірден көзге түседі. Сондай ақ шығарманың соңғы тарауындағы Дүйсеннің қазасы тұсында табиғат әлемінің күңіреніп егілуі, азалы түннің аңырап жас төгуі – адамның сай-сүйегін сырқыратады.

Жағасын құйын басып Қорғалжынның,  
Құс сыңсып, аңдар ұлып болған ың-жың.

Қозғалып қалың қамыс, қобыз тартып,  
Көл бейне сабасындай толған мұңның.

Қақталып қурайы да қалған қурап,  
Қапа боп, жапырылған қамыс, құрақ.  
Көңілсіз көлдің басы қорқынышты,

Бақырып түнде байғыз, бақа шулап,- деген тармақтар  
Дүйсеннің қазасына аза тұтып тұрған табиғат көрінісіндей әсер етеді.  
Жатқан көлдің жанды суретін көз алдына келтіре отырып, ақын болашақ  
трагедияны меңзей түседі. Осындай шебер жасалған табиғат бейнесін оқи  
отырып, оқушы да мұңға батып, болашақ дүрбелеңді аңдағандай болады.

Автордың суреткерлігі, шебер қиюласқан диалогтар мен монологтар  
поэма тілін оның идеялық көркемдігімен тұтастырып, үлкен көркемдік  
бітімге көтерген. Әсіресе, ақын пейзажға кең орын береді және оны адам  
сезімімен терең байланыста көрсетеді. Дала табиғатының жарқын суреттері  
де Қалижан Бекхожиннің үлкен табысы болып табылады. Мәселен:

Қыс келді бұлаң қырға басын сілкіп,  
Қыраулы қабағынан ашу бүркіп.  
Даланың келді ежелгі шапқыншысы,  
Ақ боран – асыр-тұсыр аң шұбыртып.

Бұл қырды қиырсыз бір ұлан байтақ,  
Қар ұйытқып шудасын қалың бұлттың,  
Қаптаған буралардай басын шайқап.  
Бейбіт қыр белеңіне түсті бүлік,  
Жалаңдап айдаһардай қыс құтырып.  
Сабалап обаларды, молаларды,  
Далада тентек боран жүр ысқырып.<sup>18</sup>

---

<sup>18</sup> Сонда...165-б

Бұл жұтқа ұшырап титықтаған қалың кедейдің жұпыны әрі аянышты күйінің суреті. Осыдан қанаушылар билеген қоғамдағы әлеуметтік теңсіздіктің ащы шындығы көз алдына келеді.

Ақын диалог құруға да шебер, аз сөзге көп мағына сыйғызады:

- Қадамың құтты болсын жалынды жас,  
Ғашықтың қолы таза, тілегі рас.
- Мариям өз қызымыз, өз гүліміз,
- Ежелден өзімізбен Жагор мұңдас.
- Орыстың жазығы жоқ, тегі бізге,
- Өкімі әлек салған елімізге.
- Ұлыққа ылғи құл боп жүре алмаспыз,
- Тиетін шығар, сірә, теңдік бізге?
- Дүйсенжан, өзің баста соңыңа ердік,
- Езіліп жатамыз ба енді тағы,  
Елміз ғой шығалық та жасап ерлік.<sup>19</sup>

Бұл шап шағын диалогта өте мағыналы, көпшілік айтқан сөздер өте шеберлікпен құрылған. Поэманың ұтымды жағының бірі де автордың осындай диалог жасауға әбден шеберленгендігі болса керек.

Поэмада табиғат көріністерімен бірге сол тұстағы қазақ даласының жүдеу де жұпыны тұрмыс-тіршілігімен қабат, қарапайым халықты тығырыққа тіреп, аранын ашқан, қарғыс атқан сұм заманның бет бейнесін де айқын сезуге болады. Жекелеген кейіпкер тіршілігімен қатарда бүкіл бұқара халықтың өмір тынысын аңғартатын, көз алдына әкелетін суреттер де поэманың өміртанытушылық сипатын, қөркемдік күшін арттырып тұр. Бұны поэма композициясындағы көпшілік сахнасы деп айтса болғандай. Ал Қалижан Бекхожин поэмаларында, әсіресе, осы туындыда сол көпшілік сахнасына көбірек орын берілген.

Алдымен алды шырмап жұт келеді,  
Байларға жұт даланы жұтса мейлі,

---

<sup>19</sup> Сонда...123 б.

Жүз малы өлсе, мың малы төлдеп қайта,  
Өрбиді, өсіп тағы еселейді,- деп суреттейді ақын.

Сондай ақ Дүйсен бастаған көтерілісшілер Ыдырыс болыс пен Хазірет тобына шабуыл жасаған тұсты автор былайша суреттеген:

Ал сол кез нәсердей боп дүбірлетіп,  
Жасағы жігіттердің келді жетіп.  
Жарқылдап ат үстінде қылыш, найза,  
Дүбірі ақ боз үйді дүрілдетіп  
Жарқ етіп, түнді жарып, оқтар зулап,  
Кеткендей көк шатырлап, бұлттар бұрқап.  
Жарқ етіп ақ сойылдар, көк сүңгілер,  
Ақ үйді, алқа топты алды шырмап.

Ақын қаламынан туған мұндай көпшілік халықтың бейнесін танытатын суретер мен сипаттамалар поэманың композициялық бітімін ажарлап, көріктендірумен қатар, оның идеялық мазмұнын да кеңірек ашуға елеулі қызмет етіп тұр.

Ақын поэманың сюжеттік желісінде пейзажға кең орын берген. Автор пейзажды көрсеткеніміздей идеялық-көркемдік мақсатқа пайдалана білген. Ең алдымен автор, қазақ даласының шалқар табиғатын әсем бояулармен өрнектей алған. Поэманың мұндай жерлері қазақ қауымының жері қандай кең болса, табиғаты да сондай шалқар деген ұғымды аңғартады. Қөктемгі даланың таңертеңгі жарқын бейнесі де көңілге қонымды.

Оятып ұйқысынан кең даланы,  
Аспанның арай берді алтын таңы.  
Үстінен түнек зілін сырып тастап,  
Ғашық жер күн жарына жаутаңдады.  
Жасырын жүгіріп жел, қағып сыбдыр,  
Тамаша таң лебінен тасыды сыр.  
Керіліп буырыл бел, боз бетеге,

Шық қонған ақша гүлін сілкісті қыр,- деген ақын табиғатты жанды бейнеде елестетеді.

Қорыта айтқанда, Қалижан Бекхожиннің «Мариям Жагорқызы» поэмасы көркемдік деңгейі жоғары, қазіргі қазақ эпикалық поэмалары ішінде өте көркем де жарасымды жазылған шығарма деп тануға болады. Тәжірибелі де талантты ақын тарихи поэмасын нағыз ақындық шеберлігі толысқан кезде, үлкен ізденіс үстінде жазған және толыққанды көркем шығарма етіп шығарған деп танимыз.

Біздің әдебиетке құмарлығымыз басталған кезде кітап та онша көп болмайтын. Содан ба, қолға түскен жыр жинақтарын қайта - қайта оқып, көп жолдары есте жатталып қалғанша тыным таппайтынбыз. Менің сондай бір құмарлықпен оқыған кітабымның бірі – 1940 жылы Қазақстан комсомолы баспасы шығарған «Поэмалар жинағы» еді. Сол жинаққа кірген жеті поэманы, әсіресе Қ. Аманжоловтың «Күпия қыз», Д. Әбілөвтің «Мұңсыз Мариям», Қ. Бекхожиннің «Орман қызы» поэмаларын қызыға оқып, көп тұстарын жаттағаным да есімде. Мүмкін, адал махаббатын қорғап, бақыт жолын іздеген қыздар сезімі әсер етті ме, әлде аяаулы аруларына деген ақын жырының сыршыл лиризмі баурады ма, осы поэмалар менің жас санамда айрықша із қалдырған еді. Қасымның поэма кейіпкері Ләззат жайлы толғаныстары төгіліп тұрған өлең өрнегімен өріліп, шығармаға ерекше бір көрік берсе, Дихан мұңсыз Мариям арқалы Мариямдарды мұңды еткен ескі дүниеге, соны жырлаған өткен заман ақындарына жауап беріп, советтік шындықты паш етті. Қалижан поэмасынан да әсемдікке құмарлық, қыздың көркімен әніне еліткен ақынның сезімталдығы, сыршыл сезім – күйі танылатын.

Қалижанның ақындық жолы отызыншы жылдардың орта кезінде басталды. Бұл – екі дүниенің жарысында социализмнің жеңіп шығып, әлемге өзінің өміршең қоғамдық құрысыс екенін жариялаған дәуірі.

Адамдарымыздың бойында да жасампаздыққа негізделген жігер, тасқын күш мол еді. Мұндай ерлік салт творчествоға да айрықша әсер етті. Ақындық, жырлардан қуанышты, лепті көтеріңкілік, романтикалық ерлік, өмір сүйгіштік, жаһанға бар даусымен үн қатар құдреттілік танылатын еді. Дәуірдің осы ерекшелігін Қалижан да бойына сіңірді. Өз заманының осы сипаттарын ол алғашқы өлеңдерінде арқау етті. Өзінің тұңғыш өлеңдерінің бірін ол Лермонтовқа еліктеп, жас ойшыл замандасына арнады. Егер орыс ақыны кезінде заманның ауыртпашылығын арқалаған жас кейіпкерге «өзіңе сенбе, жас ойшыл» деп тіл қатса, Қалижан өз замандасын өзіне де, заманына да сенсе білуге

шақырады. Қайта оған «шарықтайын туды кез», «Жаз күніндей жастық жыр жалын атсын жүректен» деген үгіт айтады. Ақын өзі де өлеңнің канатына мініп, көкке көтерілуге дайындығын білдіреді.

Соғыстан кейінгі дәуірде Қалижан жазған поэмалардың ең үлкені – «Мариям Жагор қызы» (1949) Бұл қазақ совет поэзиясында тарихи тақырыпты кең көлемде көтеріп, тереңдей жырлаған ілгері туынды. Ақын онда Мариям Жагор қызы мен Дүйсеннің махаббаты негізінде революциядан бұрын – ақ туысып кеткен орыс-қазақ халқтарының ұлы достығын жырлайды. Поэмада өмір шындығы кең алынып, сюжет драмалық тартыс арқалы өрістейді. Махаббат үшін күрес үлкен әлеуметтік тартысқа ұласады. Қанаушылар билеген, адам еркін озбырлық тұсаған заманда туған Мариям мен Дүйсеннің адал сезімі трагедияға айланып, еңбекші халқтың қайғы – мұңына арласады.

Шығармадағы негізгі кейіпкерлер Дүйсен мен Мариям өз заманының алдыңғы қатарлы, озық ойлы жастарының бейнесін танытады. Олардың сүйіспеншілігі жалаң сезім емес, мүдделері туыс халқтар өкілдерінің түсінісуі, табысуы. Мариям көбінесе өнер, сезім адамы ретінде суреттелсе, Дүйсен образы әлеуметтік тұрғыдан кең ашылған. Қарапайым қазақ шаруасының қоғамдық теңсіздікке қарсы күрес үстінде шынығуы осыны байқатқандай. Ол өзінің махаббатын да осы жолмен батыл қорғайды.

Поэмада Жагор, Үкен, Тимофей, Алексей сияқты бір – сыпыра халқ адамдарының образы жасалған. Қанаушытап өкілі Ыдырыс та өз заманының күшті билеушісі ретінде суреттелген.

Поэмадағы дәуір шындығының кең суреті, кейіпкерлердің молдығы, қақтығыстың тереңдігі, характерлер тартысы оған үлкен эпикалық сипат береді. Ондағы тамаша жасалған адам портреттері, табиғат суреттері, жастардың сүйіспеншілік сезімдері, халық тұрмысына қатысты көріністердің жарқындығы (әсіресе жұт уақиғасы) Қалижанның

ақындық шеберлігін танытады. Осының бәрі «Мариям жагор қызының» өлең мен жазылған роман деп қарауға да жол ашады.

Қалижан поэмалары ірі характерлермен, олардың іс – әрекетіндігі әлеуметтік мотивтің күштілігімен ерекшеленеді.

Ақын өмірі - халық қазынысы. Оның шығармалары елдің рухани байлығын толықтыруға, оның бойында адамдық, азаматтық, қоғамдық сезімдерді оятуға қызмет етеді. Әдебиеттің қоғам алдындағы міндетінің өзі де осымен байланысты. Бүгінгі қазақ әдебиеті мен оның қайраткерлерінің еңбегіне осы тұрғыдан қарасақ, Қалижанның өмірі мен творчествосының ондағы үлес салмағын айқын танимыз. Оның шығаралары тарихтың алтын қорына кірді. Тарих оған өз бағасын беретін болады. Біз үшін анығы - Қалижанның қоғамдық өмірдің талап – тілегінен туып, оған жауап бере білген, уақыт сынынан өткен туындылары халқтың өлмес қазынасынан әлдеқашан орын алған, олар біздің бүгінгі, ертеңгі рухани тіршілігіміздің салмақты бөлігін құрайды. Ол қазақ поэзиясында өзіндік жол қалыптастырған ерекше тұлға. Оның өлеңдері мен поэмалары қазыналы қазақ әдебиетінің қорын байытты.

Бүгін Жазушылар үйінде халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, Ұлы Отан соғысының ардагері, аса көрнекті ақынның таңдаулы топтамаларының тұсауы кесілді. Салтанатты жиынның басты себебі – келесі жылы республикалық деңгейде аталып өтілетін ақының 100 жылдық мерейтойы. Ол «Әдебиет әлемі» сериясы бойынша мемлекеттік тапсырыспен «ҚАЗАқпарат» баспасынан 2 мың данамен жарық көрді.

Қалижан Бекхожиннің поэзиядағы ғұмыры 1949 жылдан басталды. Ұлы Отан соғысына қатысқан ол өзінің қатарластары жайлы жырлады. Одан соң оның тарихқа деген қызығушылығы артып, «Ақсақ құлан», «Кек», «Жиырма сегіз», «Александр Невский», «Мәриям Жагорқызы» сынды шығармаларын дүниеге әкелді. Бірақ оның көп шығармалары баспа беттерін көрмей келді. «Батыр

Науанның» өзі тек тоқсаныншы жалдардан кейін ғана жарияланды. Тарихи туындысы «Ақсақ құлан» поэмасында күй өнерінің құдіретін, 13 ғасырдағы қазақ халқының ерлігін суреттесе, «Батыр Науан» поэмасы қазақтардың Ресей отаршылдығына қарсы қаһармандық күресінің шежіресі ретінде танылған шығарма. Бекхожинның осы және өзге де туындылары жаңадан жарыққа шыққан жинаққа топтастырылған. Көбі Қалижан Бекхожиннің сауатты аудармашы болғанын айтады. Әдеби әлемде осы үшін Мемлекеттік сыйлыққа да қол жеткізген.

Мариям Жагорқызы, (шын аты-жөні Рыкина Мария Егоровна) (1887, қазіргі Ақмола облысы Қорғалжын ауданы — 1959, сонда) — халық өнерпазы, ҚазКСР-інің еңбек сіңірген өнер қайраткері (1945), халық әндерін орындаушы, композитор. Қарапайым шаруа отбасында дүниеге келген. Халық арасында кеңінен танымал болған «Дударай» әнінің авторы. 1920 жылы А.В. Затаевич осы әннің оннан аса нұсқасын жазып алған. Орыс қызы Мария мен қазақ жігіті Дүйсен (Дудар) арасындағы махаббат әдеби шығарманың туындауына негіз болған. «Дударай» әні орыс және қазақ ұлттары арасындағы достықты суреттейді. Е.Г. Брусиловский «Дударай» операсын (1953), Қ.Бекқожин «Мариям Жагорқызы» поэмасын (1950) жазды.

# Дудар-ай

Мариям Жагор деген орыс қызы,  
Он алты, он жетіге келген кезі,  
Қазаққа Дудар деген ғашық болып,  
Сондағы Мәриямның айтқан сөзі!

Қайырмасы:

Дударари-дудым,  
Бір сен үшін тудым!  
Шіркін-ай, Дудара-ри-дудым!  
Дудар-ай, ақ боз атты жемдедің бе,  
Жеріңе уағда айтқан келмедің бе.  
Жеріңе уағда айтқан келмей қалып,  
Мәриям заты орыс деп  
сенбедің бе?

Ащыкөл, Тушыкөлдің арасы бір,  
Басыңа кәмшат бөрік жарасып жүр  
Дудар-ай, келер болсаң тезірек кел,  
Орныңа өңкей жаман таласып жүр.

Қайырмасы.

Қолыңда Мәриямның өткір қайшы,  
Қағазға Мәриям аты жазылсайшы.  
Қор болып бір жаманға кеткенімше,  
Алдымнан қазулы көр табылсайшы!

## ҚОРЫТЫНДЫ

Қазақ поэзиясының үлкен ақыныдарының бірі – Қалижан Бекхожиннің творчесвосының қайнар көзі - өз халқының өмірі мен тарихы болып есептеледі. Қай кезде де творчестволық қадамын бастаған дәуірден ақ әдебиеттің халықтық принципін қатаң да берік ұстанған талантты ақын өзінің елу жылдан астам уақыттағы әдеби қызметінде осы жолды берік ұстанып өтті.

Қ.Бекхожин әсіресе, қазақ поэма жанрының дамуына, оның жанрлық және стильдік тұрғыдан дамуына, тақырып жақтан баюына айтарлықтай үлес қосып кетті. Автордың поэмаларында заманның шындығы, халқымыздың тұрмысы – бәрі де реалистік тұрғыдан зор көркемдікпен суреттеледі. Әсіресе, өз қандастарымыздың өмірін жырлау – ақын шығармашылығының барлық кезеңдерінің негізгі арқауына айналған болатын.

Сәкен Сейфуллин, Ілияс Жансүгіров, Сәбит Мұқановтар бастаған қазақ поэзиясының туын жоғары көтерушілер қатарында Қалижан Бекхожиннің де есімі орынды тілге алынуы тиіс. Ол өзінің бағыттал, идеялас ағалары сияқты жаңа қоғамды, заңа заманды үлкен пафоспен, зор көтеріңкілік рухта жырлап өтті.

Поэзиямен қатар, ақын драматургия жанрында да бір қыдыру еңбек етті. Әсіресе, қазақ халқының ХVIII ғасырдағы тарихына арналған «Ұлан асу» атты драмасы кезінде көрермен қауымның үлкен ілтифатына ие болған туынды ретінде танылды. Ақын қазақ әдебиетінің өткені мен бүгінгі жайында байыпты пікір толғаған әдеби-сын еңбектердің де авторы ретінде белгілі.

Әдебиеттің дамуы, оның көрнекті өкілдерінің творчесвосы бүгінгі әдебиеттің өсу бағытының проблемалары жазылған әдеби-сын мақалалары мен зерттеулерінің қазақ әдебиеттануы мен сынынан алатын орны елеулі. Бекхожин орыс халқы мен туысқан басқа халықтардың да аса көрнекті ақын-жазушыларының шығармаларын қазақ тіліне аудару арқылы өз халқының рухани қазынасын байытуға үлкен үлес қосты. Ұзақ жылдар әдебиеттің бар

саласында өндіре еңбек еткен Қалижан Бекхожиннің қазақ әдебиеті тарихындағы орны да ерекше.

Біз өзіміздің мамандық жұмысымызда Қалижан Бекхожиннің «Мариям Жагорқызы» атты тарихи поэмасын зерттеуді мақсат еттік және осы мақсатқа сай шығарманың барлық қырын өз халімізше толық талдауға ұмтылдық.

«Мариям Жагорқызы» Қ.Бекхожиннің өткен ғасырдың елуінші жылдарында жарияланған туындысы еді. Бұдан жарты ғасырдан астам уақыт бұрын ақ Қалижан өзінің талантты эпик ақын екендігін біз талдаған «Мариям Жагорқызы» поэмасы арқылы толық танытып берген болатын. Алдымен біз өз жұмысымызда тарихи тақырыпқа қалам тартуда, оны творчестволықпен меңгеруде Қ.Бекхожиннің ақындық ізденістерін және тарихта болған өнер адамдары туралы шығарма жазудың өзіндік ерекшеліктері болатынын ескере отырып, поэманың жанрлық ерекшеліктеріне көбірек тоқталдық.

Мариям Егоровна Рекина туралы кезінде «Қазақ әдебиеті» газеті және «Мәдениет және тұрмыс» (қазіргі «Парасат») журналы оқшау мақала, бағалы деректер жариялаған еді. Мәселен «Қазақ әдебиеті» газеті «Қазақстанға еңбегі сіңген өнер қайраткері Мариям Жагорқызы Рекина 1916-17 жылдардағы қиын-қыстау кезеңде өзінің сүйген жігіті Дүйсенге арнап, айнымас махаббатын білдіріп, «Дударай» әнін шығарған. Махаббат пен сүйіспеншіліктің озық үлгісін көрсеткен. Осы асыл адамдар туралы жазылған естелік, жыр, повесть, әңгіме, опера сияқты көркем шығармалар баршылық. Қорғалжын жолының басталар тұйығында Мариям мен Дүйсенге арналған ескерткіш бой көтерген

« Дударари, дудым,  
Бір сен үшін тудым.

Шіркін – ай, Дударари дудым-ай» - деп анамыз әндете тербеткен бесікте ер жеттік»- дейді Мариямның туған қызы Ырысалды Нұрбекова.»<sup>20</sup>

---

<sup>20</sup> Қазақ әдебиеті.1982.11-июнь

Міне бұл бейуақытта өткен орыс қызы мен қазақ жігіті арасындағы махаббатты қазақ халқының қалай қастерлегенін көрсетсе керек.

Ақын Қалижан Бекхожин өз поэмасында халық арасында осылайша кең тараған, аңыз болып кеткен тарихи оқиғаны арқау еткен. Поэма қазақ поэзиясының ең сүбелі туындысы ретінде көпке әйгілі болып қалды.

Бітіру-мамандық жұмысында поэманың сюжеттік желісі және идеялық мәні, ондағы оқиғалар тізбегі және кейіпкерлері туралы кең сөз етілді. Дегенмен, поэма туралы айтылатын пікірлер мен зерттелетін объектілердің бәрін бірдей толық тауыстық деуге болмайды, әлі де болса бұл ірі де маңызды туындының зерттеуге арқау боларлық тұстары баршылық. Ол, әрине, келешектің ісі болмақ. Қалижан Бекхожин – қазақ поэмасының озық шебері, аса талантты ақыны екеніне айғақ боларлық тұстар баршылық. Оның бәрін бірдей жұмыста толық қамтыдық деп айта алмаймыз.

Қорыта келгенде, Қалижан Бекхожиннің «Мариям Жагорқызы» поэмасы соғыстан кейінгі дәуірде туған қазақ әдебиетінің елеулі табысы екендігі ешқандай дау туғызбаса керек. Поэмадағы орыс және қазақ халықтарының достығы біздің еңбекшілеріміздің күресте шыңдалған туыстық сезімдері туралы кең мәлімет береді.

Қалижан Бекхожин жаңа дәуір адамдарының ерлік бейнесін жасауда да үлкен қызмет жасаған ақын болды. Оның идеялық мағынасы терең, көркемдігі жағынан жоғары, жақсы да сапалы жазылған құнды туындылары қазақ әдебиетінің дамуы үшін үлкен үлес болып қосылады. Соның бірі – біздің бітіру жұмысымызға зерттеу объектісі болған «Мариям Жагорқызы» поэмасы болып есептеледі.

## Пайдаланылған әдебиеттер.

1. И.А Каримов . «Юксак маънавият – енгилмас куч». Тошкент.2008.
2. «Қазақ әдебиеті тарихы». Алматы,1987.ІІ том.2-кіт.
- 3.З.Қабдолов «Жебе». 1989.
- 4.З.Қабдолов «Сөз өнері» 2006
- 5.С.Қирабаев. «Кеңес дәуіріндегі қазақ әдебиеті». Алматы.1998.
- 6.Ә.Нарымбетов . «Қазіргі қазақ поэмасы». 1989.
7. «Қалижан Бекхожиннің творчествосы». Алматы.1994
- 8.Ә.Жәмішек. «Кезең кестелері». Алматы.1996.
- 10.Қалижан Бекхожин. «Алты асқар».Шығармалары.1984
- 11.Қалижан Бекхожин. Таңдамалы. Үш томдық. 1994.
12. Қ.Бекхожин. «Өлең өткелдері». Алматы. 1985.
13. «Қөркемдік – кілті кемелдік» (жинақ) Алматы.1994.
14. Қ. Жұмалиев «Әдебиет теориясы» Алматы Жазушы 2007 ж
15. М. Қаратаев «Ізденіс іздері» Алматы Жазушы 1997 ж
- 16 С. Қирабаев «Талантқа құрмет» Алматы Жазушы 1993 ж
- 17 Б. Кәрібаева «Қазирги қазақ лирикасы» Алматы Жазушы 1999
- 18 С. Негимов «Әдебиет әлемі» Алматы Ана тілі 2008 ж
19. Ш. Елеукенов «Жаңа жолдан» Алматы Жазушы 1989 ж
20. А. Сейпутанова «Қазіргі поэзия және стиль» Астана 2008 ж

## Мазмұны

1.Кіріспе.....	4
2. Бірінші бөлім	
«Мариям Жагорқызы – тарихи поэма».....	11
3. Екінші бөлім	
Поэмадағы негізгі кейіпкерлер.....	21
а) Дүйсен образы.....	21
ә) Мариям бейнесі.....	28
б) Поэмадағы басқа да кейіпкерлер.....	32
в) « Мариям Жагорқызы» поэмасының көркемдігі.....	37
4.Қорытынды.....	47